

№ 12 (202)
ЖЕЛТОҚСАН 2024 ЖЫЛ

АІВҮН



Республикалық әскери-патриоттық журнал





МАЗМҰНЫ:

**ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ
ҮЗДІК ӘСКЕРИ
ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ
ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ..... 6**

**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ
ЕЛ АРМИЯСЫ..... 8**

**ЖОҒАРЫ ҚАДАҒАЛАУ –
АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ 12**

**СЛУЖИТЬ НА БЛАГО
НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА 19**

**«ЖАҢА ЖҮЙЕДЕ
МҮМКІНДІКТЕР КӨП» 22**

**ПРИСЯГНУВШИ
ЕДИНОЖДЫ 28**

**ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ
ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ..... 34**

**ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
ОҢ НӘТИЖЕ..... 36**



6



8



12




19



28



22



34



36

АУВИН

Республикалық әскери-патриоттық журнал

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОРЛАР

Тимур Аубакиров

Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР

Мейрам Токжуманов

ТІЛШІЛЕР

Рима Әбеуова

Фархат Кинжитаев

Алуа Искакова

Меруерт Сафаева

Нариман Дюсенов

КОРРЕКТОРЛАР

Сымбат Нұрхайдарова

Наталья Варнавская

ФОТОТІЛШІ

Журналда Думан

Құрманғалиевтің

фотолары пайдаланылған

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:

«Әскери ГАЗ Медиа» ЖШС Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы, Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 25-21-63

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің тапсырысы бойынша шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30-сәуірде №5341-Ж куәлігі берілген Шығуы ай сайын. Бағасы еркін. Таралымы 889 дана. Тапсырыс № 12

ҚҰРМЕТТІ САРБАЗДАР МЕН СЕРЖАНТТАР, ОФИЦЕРЛЕР МЕН ГЕНЕРАЛДАР! ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!



Сіздерді Қорғаныс министрлігі жеке құрамының атынан және өз атымнан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – азаттық жолында күрескен ұлт батырларын ұлықтайтын күн, мемлекетіміздің бостандығы мен еркіндігінің нышаны! Қазақ халқы талай ауыр сынақтарды, аштық пен қуғын-сүргінді басынан кешірді, қаншама нәубеттен аман қалып, елдігін сақтады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «16 желтоқсан – төл тарихымыздағы мерейлі белес. Бұл – егемен ел болуды аңсаған ата-баба арманы ақиқатқа айналған ұлы күн» деді.

Халқымыз ұлттық құндылықтарды, тілді, тарих пен мәдениетті қайта жаңғыртуда талай сыннан өтті. Бұл ата-бабаларымыз армандаған азаттық пен тәуелсіздік жолы.

1991 жылдан бастап осы күнге дейін Қазақстан

болашағын бағамдап, армандарын жүзеге асыруда.

Бүгінде бәріміз Қазақстанның қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық ынтымақтастық, білім және ғылым саласындағы халықаралық қоғамдастықпен

интеграциялануға ұмтылысын айғақтайтын шынайы тарихи оқиғалардың куәсіміз.

Елдегі болып жатқан өзгерістер мемлекетіміздің болашағы елдің мықты, қарқынды дамуынан, бәсекеге қабілетінен және халықаралық беделінен көрінуде. Осы жолда әрқайсымыз аянбай еңбек етуіміз керек.

Қазақстан Республикасының егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғауда Қарулы Күштер қауіпсіздікті сақтаудың кепілі.

Бүгінде Қарулы Күштер жауынгерлік құрамды кезең-кезеңімен нығайтуға жұмыс істеп жатыр. Жоғарғы Бас Қолбасшының тапсырмасымен құрылған Арнайы операциялар күштері қарқынды дамып келеді. Жалпы әскери, әскери-теңіз және авиациялық

құралымдарды күшейтуге, барлау-жауынгерлік және әскери-көлік әлеуетін, оған қоса артиллерия мен ӘШҚҚ әскерлерінің мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған кешенді ұйымдастыру шаралары да өткізілді. Мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы жүйесіне енгізілген аумақтық әскерлер де жетіліп келеді.

Жеткен жетістіктеріміз де баршылық, алайда алда алар асу, бағындырар шың да көп. Әлем алдында елімізді өркендеп келе жатқан мемлекет, Қазақстан халқын ынтымағы жарасқан ел ретінде таныттық.

Осындай ұлы мереке күні Қарулы Күштердің барлық жеке құрамына, барлық отандастарға зор денсаулық, ырыс-ынтымақ және ашық аспан тілеймін!





УВАЖАЕМЫЕ СОЛДАТЫ И СЕРЖАНТЫ, ОФИЦЕРЫ И ГЕНЕРАЛЫ! ДОРОГИЕ СООТЕЧЕСТВЕННИКИ!



Примите от меня лично и личного состава Министерства обороны искренние и сердечные поздравления по случаю празднования Дня Независимости Республики Казахстан!

Этот праздник по праву является днем памяти наших национальных героев, внесших значительный вклад в обретение независимости, символом свободы и могущества нашего государства! Казахи прошли череду тяжелых испытаний, голод и репрессии, но они выстояли и сохранили себя.

Как отметил наш Президент Касым-Жомарт Токаев: «16 декабря – великая дата в истории нашей страны. Она символизирует воплощенную в реальность мечту предков о суверенном государстве».

Наш народ прошел долгую и тернистую дорогу к

возрождению национальных ценностей, языка, истории и культуры. Это путь к свободе и самостоятельности, о которой мечтали наши предки.

С 1991 года и по сей день Казахстан стремительно мчится вперед, воплощая мечты в реальность.

На сегодняшний день все мы являемся свидетелями поистине исторических событий, свидетельствующих о стремлении Казахстана к интеграции с международным сообществом в области безопасности, экономического и гуманитарного сотрудничества, в сфере образования и науки.

Все преобразования в стране вселяют оптимизм и уверенность казахстанцев в будущем нашего государства как сильного, динамично развивающегося, конкурентоспособного и

имеющего международный авторитет.

В защите суверенитета и территориальной целостности Республики Казахстан особая роль отведена Вооруженным Силам, как гаранту сохранения безопасности.

Сегодня Вооруженные Силы работают над поэтапным наращиванием боевого состава. По поручению Верховного Главнокомандующего в приоритетном порядке развиваются Силы специальных операций. Проведены комплексные организационные мероприятия, направленные на усиление общевойскового, военно-морского и авиационного компонентов, увеличение разведывательно-боевого и военно-транспортного потенциала, а также возможностей

артиллерии и войск ПВО. Развиваются территориальные войска, которые также включены в общую систему обеспечения военной безопасности государства.

Мы многого достигли и еще много вершин предстоит покорить нашей Родине. Мы доказали всему миру, что Казахстан сумел стать Родиной для многих национальностей, объединили народ Казахстана в одно целое, сплотили и повысили уровень его толерантности.

В этот знаменательный день желаю всему личному составу Вооруженных Сил, всем соотечественникам крепкого здоровья, благополучия и мирного неба над головой!

Құрметпен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі, генерал-полковник Р.Жақсылықов



ҚАРУЛЫ КҮШТЕРДІҢ ҮЗДІК ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Астанада қызметте үздік нәтиже көрсеткен Қарулы Күштердегі жауынгерлік жарыс жеңімпаздары Қорғаныс министрі генерал-полковник Руслан Жақсылықовтың қолынан марапатқа ие болды.

Жыл сайынғы «Әскер тарланы» байқауы әскери қызметшілердің шеберлігін жетілдіруге, жауынгерлік тәжірибені таратуға және

армияның имиджін арттыруға бағытталған. Марапаттау рәсімінде генерал-полковник Руслан Жақсылықов Қарулы Күштер үшін 2024

жыл көптеген маңызды оқиғалармен ерекшеленгенін атап өтті. Олардың қатарында министр БҰҰ-ның бітімгерлік миссиясын

өз бетінше орналастыруға және орындауға мандат алуын, сондай-ақ әскери қызметшілердің көктемгі су тасқынына қарсы күреске қатысуын бөліп атады.

– Бүгін біз дәстүрлі «Әскер тарланы» байқауының қорытындысы бойынша үздік мамандарды марапаттап отырмыз. Әскери шеберлік флагмандарын бағалау кезінде жауынгерлік және мемлекеттік-құқықтық дайындық бойынша ай сайынғы сабақтардың нәтижелері, бақылау және қорытынды тексерулердің қорытындылары, оқу-жаттығуларға, түрлі конкурстарға қатысу, әскери тәртіп және моральдық-іскерлік қасиеттері ескерілді, – деп толықтырды Қорғаныс министрі.

Жарыс қорытындысы бойынша Десанттық-шабуылдау әскерлері командалық пунктінің қызмет бастығы подполковник Нұржан Құлманжанов «Үздік жедел кезекші» атанды. Аталған офицер жүктелген





тапсырмаларды орындауға жауаптылығымен өз ісінің үздігі деп танылып отыр.

27943 әскери бөлімі барлау ротасының бөлімше командирі сержант Руслан Мақсұт «Жауынгерлік машинаның үздік командирі» атанды. Ол басқарған экипаж «Айбалта-2024», «Достарым-2023» оқу-жаттығуларында үйлесімді әрі нәтижелі қимыл жасай алды.

Ал «Артиллериялық есептоптың үздік командирі» атағына 28738 әскери бөлімінің әскери қызметшісі аға сержант Еркебұлан Тілеукең ие болды. Ол басқарған әскери бөлімше атыс кезінде әрқашан жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келеді.

31775 әскери бөлімі жаяу әскер жауынгерлік машинасының механигі сержант Дидар Мусин «Темір тұлпар жүргізуші» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. Екі жақты штабтық оқу-жаттығуда ол жауынгерлік машинаны мінсіз ұстағаны және мотоатқыштар батальонының құрамында тапсырмаларды сауатты орындағаны үшін ерекше атап өтілді.

Республикалық және халықаралық оқу-жаттығуларда ерекшеленген 44736 әскери бөлімінің аға барлаушы-атқышы ефрейтор Ерасыл Тілеуханов «Мерген» номинациясын иеленді

50185 әскери бөлімі

авиациялық буынының ұшқыш-штурманы лейтенант Нұрболат Молдабек жауынгерлік дайындықтағы үздік көрсеткіштері үшін «Көк қыраны» номинациясының



иегері болды. Жас ұшқыштар арасында экипаж командирі Н. Молдабек бірінші болып Су-30 СМ ұшағын өз бетінше басқару құқығына ие болған.

Еліміздің әуе шебін қорғауды ұйымдастыруда жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген 31767 әскери бөлімі командирінің орынбасары майор Евгений Спижарский «Аспан қорғаны» атағының жеңімпазы атанды

Армия халықаралық ойындарының «Теңіз кубогы» конкурсына және «Бірлестік-2024» халықаралық жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуына белсенді қатысқаны үшін 21814 әскери бөлімі «Орал» зымыран-артиллериялық кемесінің

командирі 3 дәрежелі капитан Шахрух Абдуразаков «Теңіз тарланы» номинациясының жеңімпазы деп танылды.

22750 әскери бөлімінің қару-жарақ жөніндегі маманы аға лейтенант Ақжол Молдақаш «Жаужүрек» аталымының жеңімпазы атанды. Қорғаныс министрлігі командасының құрамында ол 100 Sarbaz әскери-патриоттық реалити-жобасында бірінші орынға ие болды, онда ол тек күш-қуат жағынан ғана емес, сонымен бірге рухтың күшін де көрсете білді.

Үздіктердің қатарында жөндеу цехының технигі 3-сыныпты сержант Ералы Әйнекбаев, госпиталь

орталығының нұсқаушысы 2-сыныпты сержант Дінмұхамед Байдуллаев, Қасым Қайсенов атындағы механикаландырылған бригада командирінің тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары подполковник Азамат Жұмағазиев бар.

Жарыс жеңімпаздарының сапында Қарасай батыр атындағы оқу орталығының взвод командирі 2-сыныпты сержант Марат Тоғызбаев «Үлгілі отбасы» номинациясын иеленді. Ерлі-зайыптылар бүгінде үш қыз, бір ұл тәрбиелеп отыр.

Әскери жарыстың жеңімпаздары қатарында 3-сыныпты сержант Дархан Аслан, оқытушы полковник Кирилл Ложкин, байланысшы сержант Алмаз Тәшкенбаев, сапер-маман кіші сержант Мұхамедияр Бөтенбаев, әскери полиция майоры Ержан Диханбаев, барлау бөлімшесінің командирі 3-сыныпты сержант Думан Қожанов, заңгер әділет полковнигі Вячеслав Краснов, аға лейтенант Жеңісбек Данебеков және подполковник Назар Бозабаевтар да бар.

Жалпы іріктеу 24 номинация бойынша өтті. Кәсіби байқау жеңімпаздары дипломдармен, атаулы мүсіншелермен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.





ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ЕЛ АРМИЯСЫ

Бүгінгі Қазақстан – егемен ел. Заманы тыныш. Түн тыныштығын күзеткен әскері бар елдің бейбітті болғанына барша жұрт шүкіршілік етеді.

ӘЛҚИССА

Азаттық – біз үшін асқақ ұғым. Ата-бабаларымыз осы үшін арпалысты. Еркіндікті аңсады. Бізге бодандықта болу бірталайға жазды. Кеңес үкіметінің іргесі сөгілгенге дейін.

Үлкен державаның ғұмыры ұзақ болды. Оның құрсауында он бес мемлекет бар еді. Оның бірі – Қазақ КСР-і. Сол он бес ел орталықтан

басқарылды. Бірақ кейінгі басқару жүйесі барлығын тығырыққа тіреді. Орталықпен одақ республикаларының мүдделері көп нәрселерде сәйкес келе бермейтін болды. Өйткені дамыған елдерге қарағанда саяси және экономикалық жағынан Кеңес үкіметі әлдеқайда артта қалды. Ол аздай, жариялылық, жеделдету, қайта құру саясаты жүйеге

әсерін тигізбей қоймады. Құрамдас елдер саяси және мемлекеттік жетекшілерден түбегейлі өзгерістер күтті. Бірақ ол бітпейтін саяси талқылауларға түсіп, нәтижесіз қалып жатты. Сондықтан да 80-ші жылдардың аяғы мен 90-шы жылдардың басында Кеңес үкіметінде үлкен саяси оқиғалар

орын алды. Осы уақытта одақтас республикаларда тәуелсіздікке деген ұмтылыс күшейді. Жер-жерлерде орталық билікке қарсы бас көтерулер жиі болды. Кейбір тарихшылардың айтуынша, осы жылдарда орын алған үлкен саяси оқиғалар Кеңес Одағы құлауының басы болды.





ДЕРБЕС ЕЛ АТАНДЫ

Сөйтіп, тоқсаныншы жылы мызғымас Одақтың іргесі сөгілді. Құрамындағы бірнеше ел оның құрсауынан шығып жатты. Ең алдымен Балтық елдері өз алдына отау боп шықты. Одан соң Грузия, Молдова және Армения еншісін алды. Біздің ел 1991 жылы жаңа қадамды аттады.

Осылайша, дүниеге жаңа мемлекет – Тәуелсіз Қазақстан Республикасы, дербес қазақ елі келді. 1991 жылдың 17 желтоқсанында Алматыдағы Орталық алаңда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жариялануына және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының бес жылдығына арналған митинг болып өтті. Оған сан мыңдаған адам жиналды.

...Тәуелсіздік табалдырығында тұрған осы жан тебірентер сәтте қазақ елінің еркіндігі, бостандығы жолында бас тіккен азаматтардың, солардың қатарында бұл күнге жете алмай, туған Қазақстанның егеменді ел, тәуелсіз мемлекет болғанын көре алмай өмірден өткен желтоқсан құрбандарының рухына тағзым етіп, еске алуды парыз санаймын...

Тәуелсіздіктің біздің бәрімізге артар міндеті мол. Енді еңселі ел болудың жолына шындап түсуіміз керек. Әулетіміздің асуы да, дәулетіміздің тасуы да өз қолымызда. Кең байтақ жеріміздің байлығы осы даланың түпкілікті халқына да, тағдыр қосып бірге өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдеріне де молынан жетеді. Не істесек те ақылмен істейік, арзан ұранға ермейік, ұшпа сезімге ерік бермейік дегім келеді. Әсіресе жастар салқынқандылықтан, үлкенді сыйлаудан, сөзге тоқтаудан айнымаса, қашанда достыққа адал болса, бауырмашыл, кеңпейіл болса, халықтың

атына сөз келтіретін ұстамсыздық атаулыдан аулақ жүрсе деп тілейік. Тарих көші ұзақ. Асықсақ та аптықпайық. Қазақстанның көпұлтты халқының жұлдызы жоғары болатынына, туған елімізде дәулетті де сәулетті өмір орнайтынына кәміл сенемін».

ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІ ЕСКЕРІЛДІ

Ол кезде думпулер жиі орын алды. Әсіресе, Ауғанстандағы соғыс жағдайы Орталық Азия мемлекеттеріне қауіпсіздікті тереңнен ойлауға тура келді. Осы тұста сол кездегі Қазақ КСР-інің Президенті Н.Ә.Назарбаев аймақтық тұтастықты сақтап қалуды ұйғарды. Сол себептен ел қорғанысын мықтап қолға алды.

Алдымен Қазақстан азаматтарын әскери қызметке шақыру туралы Жарлыққа қол қойды. 1991 жылғы 12 қыркүйектегі бұл құжаттың негізінде бұдан былайғы кезеңде қазақ елінің азаматтары республика басшылығымен әскери қызметке шақырылатын болды. Және әскерге шақырылушыларды республика аумағынан тыс жердегі әскери құрылыс және



ішкі әскерлерге жіберуге тосқауыл қойылды. Бұл өз кезегінде Қазақстанның әскери комиссариаттарына республикалық орган ретінде мәртебе берді.

Мұнан соң республиканың тәуелсіздігін, қорғаныстық және басқа да өмірлік маңызды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатымен 1991 жылдың 25 қазанында «Қазақ КСР-нің Мемлекеттік қорғаныс комитетін құру туралы» Жарлығын жариялады. Мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы болып Сағадат Қожахметұлы Нұрмағамбетов тағайындалды.

БІЛІКТІ ОФИЦЕРЛЕР ТАРТЫЛДЫ

Сағадат Нұрмағамбетов – бұған дейін КСРО Қарулы

Күштерінің сапында Ұлы Отан соғысын бастан өткерген Кеңес Одағының Батыры атанған танымал командир. Әрі жоғары басшылық құрамында болған қолбасшы еді. Құрметті демалыста болғанмен, әскери өмірден қол үзбеген-ді. Білікті офицер сеніп тапсырған іске құлшына кірісті. Кадр мәселесін шешуде және тағы басқа да мәселелерде аянып қалмады. Ол кісінің өлшеусіз еңбегін мына бір естеліктен аңғаруға болады.

«КСРО тарағаннан кейін, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында әскерімізде полк басқаратын бірде-бір қазақ болған жоқ. 1991 жылы Қорғаныс комитетінің төрағасы едім, Қарулы Күшіміз әлі құрылмаған. Сол кезде осы кадр мәселесі төңірегінде





ойлана бастадық. Себебі, өзге ұлттың өкілдері өз елдеріне кеткісі келді, оларды ұстап тұра алмайсың. Сол тұста жеке-жеке шаңырақ құрған республикалар өз жеріндегі әскерилерге «Ант қабылдаңдар. Қабылдамасаңдар, кетіңдер» деп өз елдерінің антын қабылдатып жатқан-ды. Біз Президентпен кеңесіп, елде қалған әскери қызметшілерге «Ант қабылдамайсыңдар, бұрынғы анттарың жеткілікті» деп жан-жаққа тарай бастаған әскери адамдардың бетін бері бұрдық.

Мұнан бөлек генерал-лейтенант өзге елде жүрген әскерилерді елге алдыруды көздеді. Оларды жылы қабылдап қана қоймай, әкелік, ағалық ақыл-кеңестерін беріп, барлығын бір іске жұмылдыра білді.

Негізі кадр мәселесі түйткілді болды. Жоғары шенділер оның да оңтайлы жолын тапты. Ол жайында Сағадат аға былай деп еске алады: «Иә, жаңадан құрылғалы тұрған Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды қайда даярлаймыз деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз қайттік, Ресейдің Генералдық штабымен Республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгілі Украина мен Белоруссияны да жолатпады. Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицер әскери

академияға, 250-300 офицер әскери училищеге оқуға қабылданатын болды. Менің жіберген сол офицерлерімнің көбісі қазіргі кезде генерал, бастық болды. Академияға қазақтың офицерлерін тартып отырып оқуға жіберген едім. Алғашында қиындық болар, алайда, кейін олардың барлығы елдің мүддесі үшін қызмет етер, қол бастар деп жібердім. Үміт ақталды».

Сағадат ағаның әскер ісіне тартқан офицерлерінің бірі – сол кездегі подполковник Абай Тасболатов. Егемендіктің алғашқы жылдарында әскери училищеге бастық етіп тағайындаған оған: «Жігіттерді өсіресің және көбіне қазақтың баласын аласың. Емтиханда аузын ашып, аяғын басып ынта білдірсе, офицер боламын десе, мұрнынан боғы ақса да оқуға аласың» деген екен генерал.

ЕЛ АРМИЯСЫ ҚҰРЫЛДЫ

Жалпы, Қазақстан тәуелсіз ел ретінде өзінің дербес әскерін құру ісін 1992 жылдың 7 мамырында Президенттің «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Қорғаныс комитетін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі етіп қайта құру туралы», «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Жарлықтары шыққаннан кейін бастап кетті. Осы күні еліміздің аумағындағы КСРО әскери күштерінің есебіндегі

мекемелер, бөлімдер, құрамалар, ұйымдар, полигондар, сақтау базалары, қоймалар, жылжитын және жылжымайтын әскери мүліктер Қазақстан құзыретіне берілді.

Сондай-ақ дәл сол күні генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетовке генерал-полковник шені тапсырылды және ол еліміздің Қорғаныс министрі болып тағайындалды.

Содан бергі аралықта ел әскерін қалыптастыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Бұл орайда, дәлірегі Қазақстан әскерін заманауи тұрғыда дамыту мәселесінде жаңа талаптар мен қазіргі таңдағы қауіп-қатерлер барынша ескерілді. Сондай-ақ әлемдік және аймақтық қауіпсіздікті сақтау шараларына еліміздің белсене қатысуын қамтамасыз ету бағытына ден қойылды. Бұл жұмыстарды нәтижелі жүргізу, Қарулы Күштеріміздің заманауи сипатын анықтау,

оның нормативтік-құқықтық негізін құру және басқа да аса маңызды міндеттерді іске асыру үшін 1993 жылы ақпанда еліміздің бірінші Әскери доктринасы қабылданды. Оған Қазақстан әскерін құру қағидаттары енгізілді. Бұл құжат әскерімізді заманауи тұрғыда дамытуға жол ашты. Одан кейінгі уақытта, яғни, 2000 жылғы ақпанда екінші Әскери доктрина бекітілді. Ол Қарулы Күштерді құру және реформалаудың басым бағыттарын нақтылады. Ал 2007 жылы наурызда қабылданған Әскери доктринада өңірлік қолбасшылықтар әскерлерінің белгіленген аймақтарда әскери қауіпсіздік міндеттерін шешу мәселелеріндегі дербестігін қамтамасыз ету жайы айқындалды.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЙЫНДЫ АРМИЯСЫ

Міне, еліміз егемендік алғалы отыз бір жыл болды. Ал





тәуелсіздік жылдар тұсында құрылған Қазақстан Қарулы Күштеріне – биыл 32 жыл.

Бұл отыз екі жылда талай қамал алынды. Көптеген қадамдар жасалды. Талай құрылым қанатын кеңге жайды. Қазақстанның Қарулы Күштері мейлінше дамыды.

Бүгінде Қарулы Күштеріміз үш түрлі құрылымнан тұрады. Олар: Құрлықтағы әскер, Әуе қорғанысы күштері және Әскери-теңіз күштері. Бұлардың әлеуеті ұлғайтылды. Стратегиялық тұрғыда дағдарыстық жағдайлар орын алған кезде негізгі міндеттерді шешуге қатысу үшін жоғары деңгейлі әскери топтар, кез келген қауіп-қатерге қарсы жедел әрекет ететін Арнайы операция тобы, киберкеңістікте қауіп-қатерге қарсы іс-қимыл мақсатында ақпараттық күрес компоненті құрылды. Сондай-ақ мемлекеттің аумақтық қорғаныс саласын

біріктіру үшін Қарулы Күштер құрамындағы аумақтық әскерлердің басқару органы пайда болды. Құрылымның барлық сатылары қамтыла отырып, еліміздің әскери оқу орындары арқылы мамандар дайындау ісі жолға қойылды.

Отыз жыл ішінде елімізде ұлттық әскери мамандарды даярлау жүйесі өз деңгейінде қалыптасты. Әскери бағыттағы оқу орындардың оқу-тәрбиелік үдерісіне озық технологиялар енгізілді, мамандардың білім деңгейін көтеру үшін оқу-әдістемелік база кеңейтілді. Біздің әскери жоғары оқу орындарымызда Армения, Қырғызстан және Тәжікстан сынды елдердің әскери қызметшілері де білім алатын деңгейге жетті. Өз кезегінде тәжірибе алмасу үшін біздің әскери қызметшілеріміз де шетелдердегі жоғары оқу орындарында шыңдалуда. Бұл бағыттағы жұмыстар

халықаралық әскери ынтымақтастыққа, дәлірегі, басқа елдер әскерлерімен өзара іс-қимылға және тәжірибе алмасуға баса назар аударылуының арқасында жүзеге асырылуда. Осы орайда біздің әскери құрамалар ШЫҰ, ҰҚШҰ аясында өтетін оқу-жаттығуларға да үнемі белсене қатысып, өздерінің жоғары деңгейлерін көрсетіп жүргенін мақтанышпен айта аламыз.

Жалпы, Қарулы Күштеріміздің сапасын жоғары деңгейге көтеру үшін саланы заманауи стандарттарға, әлемдік тәжірибелерге сай дамыту басты міндеттердің бірі болып саналады. Сондықтан қазіргі таңда Қарулы Күштеріміз әскери шақыру және келісімшарт бойынша, яғни аралас тәсілмен жасақталуда. Соның нәтижесінде сержанттар мен сарбаздар құрамының 70 пайыздан астамын келісімшарт бойынша қызмет ететін әскери қызметшілер құрап отыр. Қалған 30 пайызын әскери борышын өтеуге міндетті азаматтар құрайды. Әскерді жасақтаудың осы тәсілі өз тиімділігін көрсетуде.

Иә, қазір заманауи және кәсіби әскері бар бейбіт елміз. Бүгінде Қазақстан өзінің әскери әзірлігі және техникалық жарақтануы жағынан әлемнің алдыңғы қатарлы армияларымен иық теңестіре алатын дәрежеге жетті. Кәсіби тұрғыда шыңдалған Қарулы Күштеріміз халықаралық бірлескен стратегиялық кешенді оқу-

жаттығуларына белсене қатысып, мерейлерінің үстем болып жүргені де бар. Еліміздің Қарулы Күштері жауынгерлік даярлықтың жоғары қарқынды деңгейімен, сапалы жұмылдыру резервімен, ұлттық әскери оқу орындары жүйесімен және қажетті материалдық-техникалық қамтамасыз етілуімен ТМД-ның кейбір елдерінің арасында оқ бойы озық тұруы да – біз үшін мақтаныш. Мұның бәрі әскери қызметшілердің жоғары кәсіби даярлығымен, үйлесімділік пен жауынгерлік дағды үлгісін көрсетумен және аға буынның батырлық, жауынгерлік дәстүр сабақтастығының жалғасуымен жетіп отырған жетістіктеріміз екенін білгеніміз жөн.

P.S. *Тағы бір айта кетер жайт, тәуелсіздік жылдарында әскерімізді заманауи қару-жарақпен, озық үлгідегі әскери техникамен қамтамасыз ету жұмыстары қарқынды жүргізілді. Қажетті жаңа қару-жарақтар мен техникалар сатып алынды. Бұған қоса, бұрыннан қолданыста болған құрал-жабдықтар мен әскери техникалар жөндеуден өткізіліп, жаңғыртылды.*

Қазіргі таңда Қарулы Күштеріміздің халықаралық рейтингтегі жағдайы жылдан-жылға оңала түскені жасырын емес.

Рима ӘБЕУОВА





Берік АСЫЛОВ, Бас прокурор: ЖОҒАРЫ ҚАДАҒАЛАУ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ

Жыл сайын 6 желтоқсанда елімізде Прокуратура күні атап өтеді. Өйткені 1991 жылы дәл осы күні Қазақстан Республикасының жоғары қадағалау органының жүйесі бекітілген еді. Тәуелсіздік жылдары прокуратура қоғамда заң мен құқықтық тәртіпті нығайтуда мемлекет тірегіне айналды. Биыл прокуратура халықты әлеуметтік қорғау, жеке кәсіпкерлер мен инвесторлардың, экономикалық сектордағы азаматтар мен мемлекеттің мүддесін қорғау, заңсыз алынған активтерді мемлекетке қайтару, қылмыстық істерді тергеу, мемлекеттік айыптауды қолдау, құқықтық процестерді цифрландыру, халықаралық ынтымақтастық және басқа да бағыттарда заңдылықты күшейтуде жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Кәсіби мереке қарсаңында еліміздің Бас прокуроры Берік Асылловпен сұхбаттасудың сәті түсіп, жоғары қадағалау органы жұмысының маңызды аспектілері туралы кеңінен сөз қозғадық.



ҚАДАҒАЛАУ ҚЫЗМЕТІНІҢ АУҚЫМЫ АРТТЫ

– Берік Ноғайұлы, ең алдымен, сізді және барша прокуратура қызметкерін кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймыз. Осы орайда әңгімемізді Қазақстан

прокуратурасының ширек ғасырлық қызметі жөнінен бастасақ. Осынау уақытты белгілі кезеңдерге бөліп қарастыруға бола ма? Бұл кезеңдік өзгерістердің қадағалау қызметіне тигізген әсері қандай болды?

– Құттықтауыңызға

рахмет және еліміздің бас басылымы бетінде пікір білдіру мүмкіндігін ұсынғандарыңызға алғысымды білдіремін.

Ең алдымен прокуратураның мақсаты мен міндетіне аз-кем тоқталып өтсем деймін. Прокуратура, бірінші кезекте, өзінің қадағалау

әлеуетін Конституцияның басты құндылықтары – адам, оның өмірі, құқықтары және бостандығын қорғауға бағыттайды. Оның жұмысындағы ең басты қағидат – заң мен тәртіпті бұлжытпай сақтау.

Біздің міндетіміз – прокурорлық қадағалау



құралдары арқылы кез келген құқық бұзушылыққа «мүлдем төзбеу» қағидасының орындалуына қол жеткізу, қоғамда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету. Құқық бұзушылықтың алдын алу мен әділдікті қалпына келтірудің ең басты құралы жазадан бұлтартпау шарасы екені белгілі.

Қоғамда заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, қадағалау әдістері мен құралдарын үнемі жетілдіріп жатырмыз. Шетелдік әріптестердің озық тәжірибесімен алмасуды ұдайы жүзеге асырып келеміз. Жалпы, қызметіміздің тиімділігін арттыру үшін жоспарлы түрде қарқынды жұмыс жүріп жатыр.

Прокуратураның қалыптасу жолы мен тарихы туралы сұрағыңызға келсек, егемендікке қол жеткізген күннен бастап прокуратура азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтіп, тың серпінмен дамып келеді. Еліміздің алғашқы жоғары саяси құжаты – Мемлекеттік егемендік туралы 1990 жылғы 25 қазандағы декларацияда Республика аумағында заңдардың нақты және біркелкі орындалуын қадағалау прокурорға жүктелетіні атап көрсетілген. 1991 жылғы 6 желтоқсанда Жоғарғы Кеңестің «Қазақ КСР прокуратура органдарының бірыңғай жүйесін құру, олардың өздігімен жұмыс істеуі және тәуелсіздігі туралы» қаулысының қабылдануы – еліміздің қадағалау органы тарихындағы маңызды қадам. Дәл осы маңызды шешім Қазақстан прокуратурасы тарихи жылнамасының сүрлеуіне жол ашты.

1995 жылғы еліміздің Ата заңын қабылдау айрықша маңызды тарихи сәт болатын. Ата заңымызда мемлекетіміздің президенттік басқару нысаны

айқындалды. Атап айтқанда, прокуратураның Мемлекет басшысына тікелей бағынысты болатынын, оның басқа мемлекеттік органдардан тәуелсіздігін, сондай-ақ қадағалау органдарының бірыңғай орталықтандырылған сатылай бағынысты жүйесін нақтылап бекітті.

2022 жылы Республикалық референдумда Ата заңға өзгеріс енгізу арқылы қадағалау органы тарихына жаңа бетбұрыс жасалды. Жаңартылған Конституцияда Прокуратура туралы заңға конституциялық мәртебе берілді.

– Прокуратура алдында тұрған құқық қорғау міндеттері өмірде әрқайсымыздың алдымыздан шығатын көптеген мәселеге байланысты екені анық. Тіпті кейде қоғамдық мәселелердің басым бөлігі прокурорлық қадағалауға қатысты болып көрінеді. Осыған не дейсіз? Прокуратура қызметінің негізгі бағыты мен жұмыс ауқымына қысқаша тоқталып өтсеңіз.

– Бұл сұраққа жауапты Конституциядан табасыз. Онда прокуратураның негізгі функциялары айқын көрсетілген. Бұл – заңдылықты сақталуын жоғары қадағалау, сотта мемлекеттің мүдделерін білдіру және қылмыстық қудалауды жүзеге асыру. 2022 жылғы конституциялық реформа барысында Бас прокурорға Конституциялық сотқа тікелей жүгіну құқығы берілді. Бұл функциялар екі жыл бұрын қабылданған «Прокуратура туралы» Конституциялық заңда, процестік кодекстерде және басқа да заңдарда көрсетілген.

Прокурорлар жедел-іздестіру қызметі, сотқа дейінгі тергеп-тексеру, сотта айыпты қолдауды қоса

алғанда, қылмыстық-құқықтық саладағы заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Азаматтарымыз жоғары қадағалау органының қызметі туралы хабардар болған сайын, біздің қызметіміздің алуандығы мен қыруар қыры ашыла түседі. Прокурорлар жедел-тергеу топтарын құрады, оларға басшылық жасайды, істерді өздері тергеп-тексереді. 2023 жылдың басынан бастап азаптауларды сотқа дейінгі тергеп-тексеру тек прокурорлардың ғана құзыретіне берілді.

Сонымен қатар күшіне енгізілген сот үкімдерінің заңдылығын, қылмыстық жазалардың орындалуын, түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың құқығы сақталуын, жазасын өтеген адамдардың пробациядан өтуі мен әлеуметтік бейімделуін қадағалауды жүзеге асырамыз. Яғни бүгінде прокуратура қызметі қылмыстық-құқықтық саланың барлық кезеңін қамтып отыр.

Қадағалау қызметінің ауқымы қоғамдық мүдделер саласында да артты. Бұл ретте біз азаматтардың әлеуметтік, экономикалық және қылмыстық салаға байланысты емес өзге де құқықтарын қорғау үшін жұмыс атқарамыз. Әсіресе көмекке мұқтаж балалар, егде адамдар және құқықтарын өздігімен қорғай алмайтын адамдардың мүдделерін қорғаймыз.

Еңбек қатынастары саласы – біздің ерекше назарымызда. Осы жылы прокуратура актісі бойынша 122 мың жұмыскердің құқықтары қорғалды, 278 млн теңге сомаға еңбекақы өндіріліп алынды. Сондай-ақ меншік туралы заңнаманың, қаржы заңнамасының, салық, кеден, бюджеттік қатынастар, табиғат қорғау заңнамаларының сақталуына қадағалау жүргіземіз. Көлік саласында 640 млн-нан аса сомаға

мемлекет мүддесі қорғалды.

Қадағалау аясына әкімшілік құқық бұзушылық, азаматтық іс жүргізу, әкімшілік әділеті, азаматтық істер бойынша сот шешімдерінің орындалуы жөніндегі істер кіреді. Қадағалау құралдары адамдардың өміріне және денсаулығына, елдің қауіпсіздігіне қатер төнген жағдайларда да жұмылдырылады.

Әлеуметтік-экономикалық салада құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде осылайша жүйелі қадағалау қалыптасқан. Биыл прокуратура актілері бойынша 287 мыңнан аса адамның конституциялық құқығы қалпына келді, 1,5 млн-ға жуық жасөспірім қорғалды, оның ішінде алимент бойынша 4 млрд теңге өндіріліп алынды.

Әскерде заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша жүйелі шаралар қабылданып жатыр. Прокурорлар 10 мыңнан аса әскери қызметші мен олардың отбасы мүшелерінің құқықтарын, оның ішінде медициналық көмек көрсету мәселелері, барлық тиесілі өтемақы мен жәрдемақының уақтылы төленуін қоса алғанда еңбек құқықтарын сақтау мәселелері бойынша қорғады.

Негізгі бағыттардың бірі – халықаралық ынтымақтастық. Қылмыстық-құқықтық салада басқа елдермен өзара байланыса жұмыс істеу, қылмыстық қудалау мәселелері бойынша шетелдерде мемлекеттің мүддесін білдіру – аса жауапты іс. Қазір прокурорлар шетелдік және халықаралық арбитраждарға қатысады, активтерді қайтаруға байланысты азаматтық талаптар қояды. Бас прокуратура халықаралық шарттар жасау арқылы шет мемлекеттермен ынтымақтастықтың құқықтық базасын қалыптастырады.

Жалпы, прокуратура жоғары қадағалау органы



ретінде заңдылық, құқықтық тәртіп пен қылмыскерлікпен күрес мәселелерінде барлық мүдделі органды үйлестіру міндетін атқарады. Менің жетекшілігіммен Үйлестіру кеңесі отырыстарында қылмыстың алдын алу бойынша тиімді шаралар, есірткі бизнесіне, алаяқтық, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және басқа да қоғам үшін маңызды тақырыптарға қатысты өзекті мәселелер қаралды. Мен прокурорлар қызметінің негізгі салаларына ғана тоқталып отырмын, егер қадағалау саласының нақты бағыты туралы сұрағыңыз болса, жауап беруге дайынмын.

ПРОКУРАТУРА АДАЛ БИЗНЕСІҢ ҒАНА МҮДДЕСІН ҚОРҒАЙДЫ

– Олай болса, ендігі кезекте қадағалаудың жекелеген бағыттарына көшкім келеді. Прокуратура туралы конституциялық заң жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне мемлекеттік органдар, оның ішінде жергілікті деңгейдегі мемлекеттік органдар араласқан кезде қорғауды жүктеп отыр. Былтыр Мемлекет басшысы Бас прокуратураға инвестициялық жобалармен жұмыс істеуді тапсырды. Инвесторлармен жұмыстар туралы айтып өтсеңіз. Оларды сүйемелдеу қалай жүргізіледі, бұл жұмыс барысы шетелдерде қолға алынған ба және жеке бизнестің мүдделерін қорғауда прокурорлық көмек қаншалықты жиі қажет етіледі?

– Біз осы бағыттағы жұмыстарымызды ұдайы жариялап отырамыз,

брифингтер және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Инвестициялық жобаларды сүйемелдеу туралы көп нәрсе айтуға болады. Бұл жұмыс тек прокуратураға қатысты емес екенін атап өткім келеді. Осы орайда инвестицияларды тартумен айналысатын ауқымды жүйе қалыптасты. Оған Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті, «Kazakh Invest» АҚ, әкімдіктер кіреді. Әрқайсысының өз міндеттері мен функциялары бар. Олардың мақсаты ортақ – инвестициялық ахуалды жақсарту, еліміздің экономикасына үлес қосу, азаматтардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, жаңа өнеркәсіптерді құру және жұмыс орындарын ашу, лайықты еңбекақы арқылы халықтың әл-ауқатын арттыру.

Қазіргі уақытта «прокурорлық сүзгі» деп аталатын іс-шара аясында прокурорлар бақылау-қадағалау және басқа да мемлекеттік органдардың шектеу-тыйым салу сипатындағы шешімдерін қабылдас бұрын тексеріп отырады. Енді прокурордың келісімінсіз ешқандай мемлекеттік органның инвесторды тексеруге, әкімшілік жауапқа тартуға, қызметін тоқтатуға, лицензиясын қайтарып алуға, келісімшартты біржақты бұзуға және талап қоюға құқығы жоқ. Бүгінде «прокурорлық сүзгі» Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа мен Бас прокуратураның Құқықтық статистика жөніндегі комитетінің жүйелерінде цифрланған. Инвесторларға қатысты барлық мемлекеттік органның шешімдері нақты уақыт режимінде прокурорға түседі. Бұл мемлекеттік органдар шешімдерінің уақтылы қабылдануын қамтамасыз етеді.

Бұл жұмыс кейінгі бір

жарым жыл бойы жүргізіліп келеді және оң нәтижелер беріп жатыр. Прокурорлар мемлекеттік органдардың 584 шешіміне келісім беруден бас тартты, 248 тексеріс пен 229 әкімшілік іс жүргізудің жолын кесті. Жалпы, биыл біздің қызметкерлер 195 қадағалау актісін енгізді, оларды қарау нәтижесінде мемлекеттік органдардың 54 шешімінің күші жойылды. Инвесторлар құқығын бұзғаны үшін әртүрлі деңгейдегі 119 лауазымды адам жазаланды.

Бүгінгі таңда прокуратура әлемнің 27 елінен келген Жалпыұлттық пулдың 769 жобасын және энергетика, туризм, тамақ өнеркәсібі, машина жасау, медицина, ауыл шаруашылығы, көлік-логистика жүйесі және басқа да маңызды бағыттар саласында 70 ірі инвесторды сүйемелдеп отыр. Сүйемелдеу мәні – жобаны іске асыру кезінде инвесторларды құқықтық қолдау және мүдделерін қорғау. Егер инвесторлар жұмысында қандай да бір проблемалар туындаған жағдайда, оларды жедел түрде шешеміз, бюрократиялық әуре-сарсаңға салуға жол бермейміз. Инвесторлардың әрбір жолданымын уәкілетті органдарға жібермей-ақ қараймыз.

Өңірлерде фронт-офистер жұмыс істейді. Прокурорлар инвесторлармен күнделікті кездеседі, олардың кейстерін қарайды, құқықтарын қайта қалпына келтіру шараларын әзірлеп, қажет болса, тиісті уәкілетті органдарға тапсырмалар береді. Осы жұмыстар шеңберінде 596 инвесторға, оның ішінде Түркия, БАӘ, Германия, Сингапур, Қытай, Ресей және Франциядан шетелдік инвесторларға көмек көрсетілді. Олардың Қазақстанның экономикасына үлесі – 9,9 трлн теңге. Мысалы, құны 450 млн

доллар тұратын бу-газ құрылысының құрылысы бойынша жобаны кеңейту үшін прокурорлық сүйемелдеу аясында инвесторға қосымша жер берілді. Тағы бір мысал, инвестициясының көлемі 192 млн доллардан асатын шетелдік инвесторға теміржол, су жүргізу құбырлары және электрмен қамту сияқты инфрақұрылымдарды жүргізуге грант алуға көмек көрсетілді. Қазіргі кезде инвестициялық жобаларды сүйемелдеу жөніндегі «прокурорлық сүзгі» енгізу заңнамалық тұрғыда бекітіліп жатыр.

Отандық және шетелдік инвесторлардың тізілімін қалыптастыру заңнамалық новелла болады. Бұл тізілімге ел үшін маңызды нақты жобалары бар инвесторлар кіреді және соларға «прокурорлық сүзгі» қолданылады. Сондай-ақ Кәсіпкерлік кодексі тізілімге енгізілген инвесторларға қатысты тексеру жүргізу туралы мемлекеттік органдардың шешімдері оларды тек прокурормен міндетті түрде келіскен жағдайда ғана қабылданатын жөніндегі нормамен толықтырылады.

Азаматтық процестік кодексте мемлекеттік органдарды прокурормен міндетті түрде келіскеннен кейін (соттың заңды күшіне енген және енбеген шешімдеріне шағым жасау мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың сотқа жүгіну құқығын жоғары тұрған мемлекеттік органдармен келіскеніне ұқсас) инвесторларға қатысты талап қоюмен сотқа жүгінуге міндеттейтін ереже көзделеді. Әкімшілік іс жүргізуді қозғау туралы мемлекеттік органдардың шешімдерін прокурормен келісу бойынша осыған ұқсас түзетулер Әкімшілік құқық



бұзушылық туралы кодексте қарастырылады. Тиісті заң жобасын Парламент жылдың соңына дейін қабылдайды деген үміттеміз.

Инвестициялық жобаларды прокурорлардың сүйемелдеу практикасы басқа елдерде де бар. Мұндай механизмді олардың тәжірибелерін ескере отырып енгіздік. Инвесторлар үшін аса қолайлы ел болып саналатын Сингапурдың тәжірибесі басшылыққа алынды. Көршілес өзбек елінің тәжірибесі де назардан тыс қалмады. Мұның бәрі – халқымыздың игілігі үшін атқарылып жатқан кешенді әрі тиімді іс-шаралар.

– Сіз басқаратын сала инвесторлармен бірге жеке кәсіпкерлердің құқығын қорғайтынын білеміз. Осы бағытта қандай жұмыстар қолға алынған?

– Жеке кәсіпкерлердің қызметінде мемлекеттік органдардың араласу фактілері орын алған жағдайда олардың құқықтарын прокурорлардың қорғауы Прокуратура туралы конституциялық заңда тікелей атап көрсетілген. Прокурорлар әрқашан адал

бизнестің ғана мүддесін қорғайтынына назар аударған жөн.

2000 жылдан бастап Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінде бизнесті тексеру міндетті түрде тіркелуге жатады. 2015 жылдан бастап жоспарлы тексерулерге толығымен тыйым салынған. Олардың орнына тәуекелдерді басқару жүйесіне негізделген кәсіби бақылау енгізілген. Ол жазалау сипатында емес, айыппұлсыз, алдын алуға бағытталған. Тек кемшіліктерді жоймаған жағдайда жауапқа тартылуы мүмкін.

Бақылаушы органдар тарапынан бизнеске түсетін салмақты азайту бойынша жұмыс Мемлекет басшысының Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы мамыр айындағы Жарлығында да жалғастырылған. Нәтижесінде, тексерулер жоспарлы түрде азайды, 10 жыл ішінде олардың саны 6,5 есеге қысқарды (319 мыңнан 48 мыңға дейін). Мұның барлығы еліміздің іскерлік ахуалына оң ықпал етеді. Жыл сайын он мыңдаған кәсіпкердің құқығын

қорғаймыз, мыңдаған заңсыз шектеу шарасын жоямыз, 9 мыңға жуық заңсыз тексерудің жолын кесеміз, мыңнан аса шенеунік жазаға тартылады.

«Атамекен» ҰКП және депутаттық корпуспен бірлесіп тұрақты түрде бизнес-форумдар өткізіледі. Онда бизнес үшін жүйелі мәселелерді шешу шаралары әзірленеді. Тек осы жылдың өзінде форум нәтижесі бойынша 40-тан аса осындай мәселе шешімін тапты. Мысалы, Ауыл шаруашылығы министрлігі 2022 жылдан бастап субсидия беруге негіз болған ауыл шаруашылығы техникасының шекті құны туралы мәліметтерді жаңартпаған. Салдарынан шаруалар өздерінің шығындарына болмашы ғана төлемдер алып отырған. Біздің бастамамыз бойынша шаруалар пайдаланатын ауылшаруашылық техникасының 58 түріне шекті баға қайта қаралды. Жарнама үшін салық салу практикасы, заңсыз мониторингтер жүргізу, жеке кәсіпкерлерге қатысты салық бұйрықтарын шығару қысқартылды, бөлшектеп сату саудасы үшін орындар белгіленіп, осы тәріздес

көптеген жұмыс атқарылды.

– Қазір қоғамды толғандыратын тақырыптардың бірі – заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару. Бұл, әрине, заң бойынша жабық тақырып және оларды жариялауға жол берілмейді. Дегенмен қайтарылған активтердің жалпы көлемі туралы білгіміз келеді. Осы қаражат есебінен қандай әлеуметтік жобалар іске асырылып жатыр?

– Расында да, бұл – прокуратура қызметінің ең өзекті бағыттарының бірі. 2023 жылдың шілдесінде Парламент осы жұмыстың негізін қалаған заң қабылдады. Бас прокуратурада активтерді қайтару жөніндегі дербес комитет құрылды. Бұл – Үкімет жанындағы комиссияның жұмыс органы. Комитетте заңгерлер, экономистер, банк саласының, өзге де бағыттардың мамандарының кәсіби ұжымы жұмыс істейді. Олар экономиканың әртүрлі саласына қатысты көптеген құжатқа талдау жасалып жатыр. Бұл – үлкен қажырлы еңбек.

Активтерді қайтару жұмысы заң қабылданғанға дейін басталғанын білесіздер. Бүгінгі таңда активтер шамамен 2 трлн теңге сомасында қайтарылды. Президент өзінің Қазақстан халқына Жолдауында активтерді қайтару субъектілерінің әлеуметтік-мәдени нысандарды салуға қатысулары қажеттігін атап өтті. Өздеріңіз білетіндей, бұған дейін Үкімет жанындағы комиссия отырысында активтерді қайтару субъектілерінің қаражаты есебінен Арқалық қаласында 120 орындық дарынды спортшы балаларға арналған спорт кешені, Астанада тірек-қимыл аппараты



бұзылған балаларға арналған оңалту орталығы, Алматыда 400 орындық ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған жаттығу орталығы құрылысы мақұлданды.

Қазір Бас прокуратура комитеті 18 млрд теңгеден аса сомаға 7 әлеуметтік жобаны іске асыру туралы келісімдер жасасты. Сондай-ақ Үкімет Арнайы мемлекеттік қордың қаражаты есебінен Ақмола облысының Зеренді ауылында спорт кешенін, Түркістан облысының Темірлан ауылында музыка мектебін, Ақтөбе қаласында ерекше балаларға арналған арнайы балабақша мен Атырау облысының Жамансор ауылында мектеп салу туралы шешім қабылдады. Бұл бағыттағы жұмыс жалғаса береді.

АШЫҚ СОТ АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНІМІН НЫҒАЙТТЫ

– Қылмыстық-құқықтық салада кейінгі жылдары елеулі өзгерістер болды. Прокуратураның бұл тұрғыдағы рөлі жаңғыртылды. Осы бағытта атқарылған жұмыс нәтижелеріне тоқталып өтсеңіз...

– Бұл саладағы реформалардың барлығы мемлекеттің конституциялық құндылықтарын қорғауды күшейту үшін жасалып жатыр. Қылмыстық-құқықтық жүйені кешенді түрде жаңғырту қолданыстағы қылмыстық, қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару заңнамаларын қабылдай отырып, он жыл бұрын жүргізілген еді. Заңнамалық базаны және құқық қолдану практикасын одан әрі жетілдіру 2030 жылға дейінгі Құқықтық саясат тұжырымдамасында белгіленген бағыттарды ескере отырып, Президент

қойған міндеттер шеңберінде жүргізілді. Сонымен қатар заңнамалық база кезең-кезеңімен жетілдіріліп келеді, жаңа көзқарастарды ескере отырып, сот және құқық қорғау практикасы да қалыптасты.

Реформалаудың пәрменді қадамы ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі бойынша қылмыстық процестің үш буынды моделін енгізу болмақ. Ол не дейсіз ғой? Мәніне тоқталып өтейін. 2020 жылы Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында сотқа дейінгі кезеңдегі проблемалар туралы айтқан. Біріншіден, бұл тергеп-тексеру органдарының жұмысында айыптауға бейімділіктің басым болуы, азаматтарды қылмыстық қудалау аясына жөнсіз тарту орын алғаны белгілі. Ең басты қателік – жедел қызметкерлер мен тергеушілер негізгі міндет қылмысты ашу ғана деп пайымдайтын басшылардың қол астында жұмыс атқарғаны.

Сондай-ақ прокурорлық қадағалау кешеуілдеп басталатын, прокурорлар іспен тек сотқа жіберер алдында ғана танысатын. Осыған орай 2021 жылдан бастап қылмыстық процестің жаңа моделіне көшу басталды. Бұл тұрғыда тергеу органдарының, прокуратураның және соттың жауапкершілік деңгейі нақты айқындалды. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары күдіктілерді анықтайды, олардың кінәсін дәлелдеуге айғақтар жинақтаумен айналысады. Прокуратура жинақталған материалдарға баға беріп, тергеп-тексерудің түйінді шешімдерін бекітеді, егер дәлелдер жеткілікті болса, істі сотқа жолдап, айыптауды қолдайды. Сот істі қарап, үкім шығарады. Қазіргі уақытта қылмыстық процесс осы жүйе бойынша жұмыс істейді.

Ең бастысы, сотқа дейінгі

тергеп-тексерудің бастапқы сатысында адамдарды тергеу органдарының негізсіз шешімдерінен қорғайтын қосымша құқық қорғау қалқаны қалыптасты. Қылмыстық қудалау органдарының прокурордың келісімінсіз шығарған шешімдерінің заңды күші мен құқықтық салдары болмайды.

Үш буынды модельді іске асыру кезінде «прокурорлық сүзгіден» шамамен 1,5 млн тергеу шешімі өтті. Күдіктілер мен жәбірленушілердің құқықтарына қатысты 112 мыңнан аса заңсыз процестік актіні қабылдауға жол берілмеді. Прокурорлар 8 мыңнан аса адамның қылмыстық жауапқа заңсыз тартылуының алдын алды.

Кейінгі үш жылда прокурорлар сыбайлас жемқорлық, адам өлтіру және басқа да аса ауыр қылмыстар бойынша айыптау актілерін өздері жасайды. 2026 жылдан бастап алдын ала тергеп-тексеру аяқтаған барлық іс бойынша айыптау актілері прокуратураға беріледі. Мұнда «Үш буынды модельді енгізу арқылы қандай өзгерістер болды?» деген заңды сұрақ туындайды. Әрине, әуре-сарсаңға салу азайды, шешім қабылдау онлайн-режимге көшірілді. Нәтижесінде, жөнсіз қағазбастылық тоқтатылды, цифрлық технология барынша толығымен қолданылып жатыр. Тіпті бірқатар процестік іс-әрекет Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімі жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, сараптамалар тағайындалады, анықтамалар, қорытындылар алынады. Осылайша, адам құқығын қорғау күшейтіліп, тергеп-тексеру сапасы арта түсті.

Мәселен, тергеу органдарының жұмысына шағымдану төрттен бірге қысқарды (өткен жылы 1 707 болса, биыл – 1 299).

Тергеп-тексеру сапасының төмендігіне шағымданған соттардың жеке қаулылары да айтарлықтай азайды (2 073-тен 1 407-ге). Прокурорлар мен соттар заң бұзушылықтар мен қателіктер азайғандықтан тергеу органдарына істерді сирек қайтаратын болды. Атап айтқанда, осы жылы соттар – 433, өткен жылы 1 247 іс қайтарған, ал прокурорлар биыл – 614, былтыр 637 істі қайтарған.

Тағы да бір маңызды мәселеге тоқталып өтсем деймін. Адвокаттар, жәбірленушілер, олардың қорғаушылары және қылмыстық процеске басқа да қатысушылар сотқа дейінгі тергеп-тексеруге тең дәрежеде қол жеткізу мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі уақытта тергеушілер қылмыстық істің материалдарына өздері ғана «қожайын» емес. «Жариялы сектор» порталын енгіздік, бұл арқылы қажетті процестік құжаттармен қашықтан танысуға және алуға болады.

Жүзеге асырылып жатқан жаңа өзгерістердің дұрыстығын Конституциялық сот растады. Биыл 29 мамырдағы шешімінде прокуратура қызметінің Конституцияда айқындалған барлық бағыты нақты қылмыстық процесте көрініс тапқанын атап өтті.

– Кейінгі уақытта ашық сот процестері мемлекеттік айыптаушыға жүктелген міндеттердің күрделілігін және прокурордың жауапкершілік деңгейін көрсетті. Тіпті адамдар үшін бұл жаңалық болды және жұрт мемлекеттік айыптаушының шеберлігін байқады. Әрине, прокурорлар үшін бұл – күнделікті әдеттегі жұмыс. Мемлекеттік айыптаушының соттағы рөлі қандай? Прокурордың



айыптаудан бас тартқан жағдайы болды ма?

– Сіз дұрыс атап өттіңіз, шындығында қоғамда, әсіресе, жастар арасында сот процесіне, оның ішінде судья, қорғаушы, сарапшының жұмысына және мемлекеттік айыптаушыға деген қызығушылық артты. Өйткені резонансты қылмыстық процестер онлайн көрсетіліп, оларды көрген адамдардың саны рекордтық қаралымға жетті. Оның ішінде шетелдіктер де бар.

Адамдар адвокаттардың жәбірленушілерді, сотталушыларды қалай қорғайтынын, прокурордың сөйлегенін қызығушылықпен бақылап отырды, жекелеген жайттар мен ерекшеліктерді байқады. Мысалы, мемлекеттік айыптаушы процесс кезінде тергеушілер жинақтаған материалдарды ғана басшылыққа алмайтынын, сот талқылаулары барысында кінәнің қосымша дәлелдері айтылатынын және кінәсінің жоқтығы дәлелденетінін көрді. Прокурорлардың қатысуымен жылына шамамен 30 мың қылмыстық іс қаралады.

Мемлекеттік айыптаушының басты мақсаты – әрбір іс бойынша әділ шешімге қол жеткізу, сот төрелігінің жүзеге асуына ықпал ету. Сондықтан ол істі өзі де қосымша зерттеп, сотқа барлық дәлелдемені ұсынуы керек. Мемлекеттік айыптаушы сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарына тәуелсіз. Егер де дәлелдердің жоқтығына немесе дәлелдемелер айыпталушы құқығын бұза отырып алынғанына көзі жеткен болса, сотта айыптаудан бас тартады. Бұл қылмыстық істің тоқтатылуына және сотталушының толық ақталуына алып келеді. Мұндай жағдайлар көптеп кездеседі. Кейінгі үш жылда прокурорлар 22 адамға қатысты айыптаудан бас

тартты. Прокурорлар кейбір заңсыз сотталғандардың ақталуына ықпал етті. Тек осы жылдың өзінде Бас прокурордың наразылығымен 10 адам толықтай ақталды.

Сонымен қатар прокурорлар соттың негізсіз ақтау үкімдерін шығаруына да ден қояды. Мысалы, осы үш жыл ішінде жасалған қылмыс үшін жазаның бұлтартпастығын қамтамасыз ете отырып, біз бұрын ақталған 193 адамды жоғары тұрған сот сатыларында қаралып, сотталуына қол жеткіздік. Мәселен, Бас прокурордың кассациялық наразылығы бойынша Жоғарғы сот жас өгей қызына қатысты сексуалдық сипаттағы әрекет жасағаны үшін айыпталған К-ге қатысты ақтау үкімінің күшін жойды. Жаңа сот талқылауларының қорытындысы бойынша ол ұзақ мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Жалпы, мемлекеттік айыптауды қолдау жоғары кәсібилікті, шешендік шеберлікті, кездейсоқ жағдайларда тез шешім қабылдай білуді талап етеді. Осы кәсіби шеберліктерді дамыту үшін біз жыл сайын Жоғарғы соттың, Республикалық адвокаттар алқасының, танымал заңгерлер мен ғалымдардың қатысуымен мемлекеттік айыптаушылар форумын және «Үздік мемлекеттік айыптаушы» конкурсын өткіземіз. Олардың арасынан үздіктерді анықтаймыз. Сол арқылы сотта қылмыстық істерді қарау проблемалары мен басқа да өзекті мәселелерді талқылаймыз. Сонымен қатар қызметкерлерге арнайы тренингтер ұйымдастырамыз.

– Өткен сұхбатыңызда азаптауларды прокурорлардың тергеп-тексеру практикасы туралы айтып едіңіз.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде азаптауларға жол бермеу үшін қандай шаралар қолданылады?

– Біз азаптаулар мәселелеріне өте қатал қараймыз. Пенитенциялық жүйеде азаптаулардың алдын алуға ерекше назар аударылған. Сотталғандардан қатал қарау туралы келіп түскен кез келген хат-хабар азаптаулар тұрғысынан ғана қаралады.

Кезекші прокурорлар мекемелерге күнделікті барып тұрады, жоспарсыз тексерулер, оның ішінде түнгі уақыттарда да жүргізеді. Сотталғандардан анонимді сауалнама алу практикасын енгіздік. Қылмыстық-атқару жүйесінің барлық 78 мекемесінде жаппай бейнебақылау орнатылған. Прокурорлар қашықтық режимде, шамамен, 40 мың бейнекамера жұмысына мониторинг жүргізеді. Электрондық өтініш беру терминалдарының саны екі есе артты. Олар асханалар мен отрядтарда орналасқан. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде мұның 612-сі бар. Осынау жұмыс нәтижесінде биыл азаптау фактілерін тіркеу бойынша істер 24-тен 5-ке азайды, мекемелерде азаптаулар бойынша 17 адам сотталды.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТПЕН ӨЗАРА ЖҰМЫСТЫҢ СЕПТІГІ

– 2022 жылдан бастап елімізде конституциялық әділеттің жаңа институты енгізілді. Бұл – Конституциялық сот. Бас прокуратураның осы органмен өзара іс-қимылы туралы айтып өтсеңіз.

– Сұрағыңыз өзекті. Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету үшін біз Конституциялық сотпен тығыз

байланыстамыз. Азаматтардың конституциялық құқығын іске асыруда көзқарасымыз ортақ, конституциялық әділет пен жоғары қадағалау міндеттері өзара ұштасып жатыр. Бұл дегеніміз, Конституциялық сот – Конституцияны ресми түрде түсіндіре отырып, конституциялық заңдылықты, заңдарды, өзге де нормативтік-құқықтық актілерді, халықаралық келісімдерді ратификациялауға дейін тексеруді қамтамасыз етеді.

Прокуратура органдары ел аумағында жоғары қадағалауды жүзеге асырады. Оның негізгі мәні – заңдылықты сақталуын қамтамасыз ету. Прокуратура қадағалауды жүзеге асыру кезінде, ең алдымен, нормативтік-құқықтық актілерді, өзге де шешімдерді және әрекеттерді конституциялық және заңдылық тұрғысынан зерделейді. Бұл ретте прокурорлар наразылық, ұсыну, нұсқау беру сияқты ден қою актілерінің алуандығымен ерекшеленеді. Заң бұзушылықтар анықталған, оның ішінде Ата заң талаптары бұзылған жағдайда дер кезінде жою мүмкіндігі зор.

Заңнамаларға қайшы келетін құқықтық актілер шығарылған кезде прокурорлық ден қою жолымен мемлекеттік органдардың алдына олардың күшін жою немесе өзгеріс енгізу туралы мәселе қоямыз. Ал егер олар келіспеген жағдайда сотқа жүгінеміз. Осылайша, мемлекеттік органдардың 1 440 шешімі өзгертілді, оның ішінде 267-сі нормативтік-құқықтық сипатта, олардың 25-і әділет органдарында тіркелген. Мысалы, Абай облысында прокуратура наразылығымен облыстық мәслихат шешіміне түзетулер енгізілді және тұрғын үй сертификаттарын алушылар тізбесіне ауған



соғысының ардагерлерімен бірге басқа мемлекет аумағындағы жауынгерлік іс-қимыл ардагерлері қосылды. Заң бойынша жеңілдікке құқықтары бола тұра олардың деректері тізбеге енгізілмеген.

Енді қадағалаудың аталған тетіктерімен қоса бізде тағы да бір пәрменді құрал – Конституциялық сотқа жүгіну бар. Осы жылы Бас прокурордың екі өтінішхаты бойынша Конституциялық сот өзінің қорытынды шешімдерін шығарды. Конституциялық сотпен конституциялық іс жүргізудің барлық сатысында ынтымақтастықта жұмыс жүргізіп отырмыз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Конституциялық соттың жекелеген шешімдерін орындаудағы прокуратура жұмысына тоқталып өткім келеді. Бұл қоғамдық өмірдің барлық саласымен байланысты. Мысалы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес қысқартылған тәртіпте әкімшілік жазаларды қолдануға сот тәртібінде шағымдануға мүмкіндік болмаған. Конституциялық сот өзінің қаулысында азаматтардың сотта мұндай жазаларға шағымдану құқығы бар екенін атап көрсетті.

Конституциялық соттың құқықтық нұсқауларын орындау үшін прокуратура органдары қадағалау тәртібінде шаралар қабылдады. Мысалы, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сәйкес жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарауды қоспағанда, қысқартылған тәртіппен әкімшілік жаза қолдануға жалпыға бірдей белгіленген ережелер бойынша шағым жасалмайды. Алайда Кодексте жаңа дәлелдер бойынша қайта қарауға жататын құжаттар тізбесінде қысқартылған тәртіппен шығарылатын қорытынды

актілер қамтылмаған. Сол себепті Конституциялық сот өзінің түсіндірмесімен осы қорытынды актілерге жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша шағымдануға мүмкіндік берді.

Конституциялық соттың құқықтық нұсқауларын орындау үшін прокуратура органдары қадағалау тәртібімен шаралар қабылдады. Мәселен, Шымкент қаласында прокуратура әкімшілік құқық бұзушылықтарды қысқартылған тәртіпте дұрыс қолданбаған 3 фактіні анықтады және Конституциялық соттың №12 қаулысына сәйкес азаматтарға жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қайта қарауға құқықтарының бар екенін түсіндірді.

Жамбыл облысының прокуратурасы кәметекке толмағандарға қатысты қысқартылған тәртіпте енгізілген әкімшілік жазалар бойынша 5 наразылық енгізді. Облыстық полицияның уәкілетті бөлімшесі Конституциялық соттың шешімін басшылыққа ала отырып, аталған әкімшілік жазалардың күшін жойды.

Солтүстік Қазақстан облысында өз денесіне зақым келтіргені үшін сотталған адамға тәртіптік жаза заңсыз тағайындалған. Бұл №37 нормативтік қаулыға қайшы. Мұндай әрекет режимді бұзуға бағытталмаса, сотталғанның өз пікірін білдіруінің бір тәсілі ретінде қаралады. Прокуратура жазаның күшін жойды және кінәлі адамдарға қарсы тәртіптік іс жүргізуге бастамашылық жасады.

Қайталап айтсам, біздің негізгі мақсатымыздың бірі – Конституциялық сот қолдаған жеке тұлғаның өзінің құқықтарына қол жеткізе білуі және осындай істер бойынша басқа да азаматтардың құқықтарын қорғау.

– Берік Ноғайұлы, енді прокуратура қызметкерлері туралы сұрағым келеді. Сіз қадағалау қызметінің барлық сатысынан өттіңіз. Прокурорлардың жаңа толқынына қандай баға бересіз? Олардың қандай іскерлік қасиеттерін атап өтер едіңіз?

– Сауалыңыз менің алғаш прокуратураға келген жастық шағымды есіме түсірді. Әрине, ол кезде заман бөлек еді ғой. Алайда прокуратура үлкен өмір мектебі болып қала берері даусыз. Бұл салада қызметкер өзінің кәсіби еңбек жолында қылмыстық, азаматтық заңнаманы жетік меңгерген, заң саласының барлық бағыты бойынша сот процестеріне қатыса алатын, сөзге шешен толыққанды заңгер болып қалыптасады.

Прокуратураның барлық қадағалау функциялары қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын бекітуге, жоғары конституциялық құндылықтарды – адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталғанын тағы да атап өткім келеді.

Сонымен қатар қадағалау практикасы арқылы прокурорлар ағартушылық жұмыстарға және қоғамда заң мен тәртіпті құрметтеу мәдениетін қалыптастыруға белсенді қатысады. Бұл мәселе біздің қоғам үшін стратегиялық маңызы зор, сондықтан осы бағытта тығыз жұмыс істейміз.

Әрине, прокуратурада жұмыс істеу өте күрделі, қызметкерлерден барынша жинақылықты, жауапкершілікті және ұтқырлықты талап етеді. Әрбір прокурордың кәсіби дамуына және жалпы прокуратураның беделін нығайтуға институционалдық жадыны сақтау маңызды. Сонымен қатар қадағалау жұмысының жоғары сапасын қамтамасыз етуге прокуратура

қызметкерлерінің барлық буынының терең тәжірибесі арқылы жинақталған бай тәжірибе ықпал етеді.

Қазіргі жастар алғыр, білімді, көптеген тілді меңгерген, IT-технологияларды жақсы игерген. Адам бойындағы бұл қасиеттер құқық қорғау саласында да маңызды. Себебі жасанды интеллекті пайдалануға байланысты жаңа қауіптер мен криминалдық қатерлердің туындап отырғанын көріп отырмыз және оларға жылдам, салмақты түрде ден қоя білу, заңдылықты қамтамасыз етуде инновациялық тәсілдерді жасап, енгізе білу қажет.

Осындай жоғары білікті кадрлық құрам Әділетті Қазақстанның іргесін нығайта түсуге лайықты үлес қоса алады. Бұл еліміздің болашағы үшін стратегиялық маңызы бар мәселе және біздің тарапымыздан бұл тұрғыда жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осындай жас мамандарды іріктеуді барынша қолға алып отырмыз. Бас прокуратураның академиясы қазіргі уақытта бастапқы даярлықты жүргізеді. Болашақ қызметкерлерімізді жұмыстың санқырлылығын ескере отырып, оларды қадағалау жұмысына жан-жақты үйретудеміз. Курстарды аяқтағаннан кейін олар қызметке дереу тағайындалып, өздерінің алғашқы шендеріне де ие болады.

Прокуратура жұмысы жеңіл емес, бұл жолда адам жинақы, қағидатшыл, жауапкершілігі мол, шапшаң және икемді болуға тиіс. Прокуратура күні қарсаңында барлық жеке құрам мен прокуратура ардагерлеріне мықты денсаулық, толағай табыс және отбасына бақ-береке тілеймін!

– Әңгімеңізге рахмет.

**Әңгімелескен –
Орынбек ӨТЕМҰРАТ,
«Egemen Qazaqstan»**



СЛУЖИТЬ НА БЛАГО НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА



ОБРЕТЕНИЕ НЕЗАВИСИМОСТИ ОТКРЫЛО НОВУЮ СТРАНИЦУ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА. 16 ДЕКАБРЯ КАЗАХСТАНЦЫ ОТПРАЗДНОВАЛИ 33 ГОДА СО ДНЯ ПОЯВЛЕНИЯ НОВОЙ СУВЕРЕННОЙ РЕСПУБЛИКИ. ЭТОТ ГОД БУДЕТ ЗНАМЕНАТЕЛЬНЫМ И ДЛЯ ЕЕ РОВЕСНИКОВ, СТАВШИХ НЕ ТОЛЬКО СВИДЕТЕЛЯМИ СТАНОВЛЕНИЯ СТРАНЫ, НО И ЕЕ ВООРУЖЕННЫХ СИЛ.

Одним из тех, кто рос вместе со страной и служит сегодня в рядах ее Вооруженных Сил, является выпускник Военного института Сухопутных войск, а ныне заместитель командира батальона (по воспитательной и идеологической работе) майор Жеңісбек Балабек. Он родился в маленьком селе Мынбай в Южно-Казахстанской (ныне – Туркестанской) области с населением чуть больше двух тысяч человек.

Служба в армии для него – это не пустые слова. Его дедушка служил на подводной лодке, охраняя дальние рубежи Советского Союза. Военную династию продолжил отец Жеңісбека, который проходил службу в ФРГ и Польше. Вдохновившись их примером, парень решил связать свою судьбу с армией независимого Казахстана.

- Служить в советской армии было почетным и престижным правом. В глазах окружающих офицеры-красноармейцы выглядели как воспитанные и образованные граждане. Но и сегодня в армии независимого Казахстана служат достойные специалисты своего дела, которые продолжают славный путь своих предков, - рассказывает офицер-воспитатель.

В 2011 году ведомый желанием стать защитником Родины, он решил поступить в Военный институт Сухопутных войск по

специальности «Офицер воспитательных структур».

По распоряжению командующего Силами Воздушной обороны ВС РК Жеңісбек начал проходить службу в должности заместителя командира роты по воспитательной и идеологической работе (г. Жезказган). Затем был назначен на должность заместителя командира батальона (г. Сарань, Карагандинская область).

Сегодня Жеңісбек Балабек служит в качестве заместителя командира отдельного радиотехнического батальона по воспитательной и идеологической работе (село Курчум, Восточно-Казахстанская область). Его первоочередная задача заключается в воспитании молодежи в духе патриотизма, чтобы военнослужащие смогли выполнить свой конституционный долг по защите Родины в любых условиях.

- В первую очередь мы, как офицеры-воспитатели, должны объяснить военнослужащим предназначение Вооруженных Сил, чтобы у них сложилось глубокое понимание основных принципов существования армии, как государственного института. Сегодня у каждой независимой страны должна быть своя армия, которая в нужный момент сможет отстоять ее суверенитет и территориальную целостность, - поясняет майор Балабек.



Помимо того, что Жеңісбек Балабек является офицером, он еще и педагог, который делится своими знаниями и опытом с молодыми военнослужащими. Для этого проводятся различные мероприятия по государственно-правовой подготовке, информированию личного состава, просмотр и прослушивание информационных теле- и радиопередач, обучение командиров, встречи с ветеранами. К слову, свою важную роль в просвящении солдат и офицеров играет военно-патриотическая газета «Сарбаз» и журнал «Айбын», которые помогают им ознакомиться с последними армейскими новостями.

В рамках улучшения воспитательно-идеологической работы 10 июня 2024 года министром обороны РК был подписан Приказ №595 «Об утверждении плана реализации государственной политики «Бір тұтас ел - Бір тұтас жер» (Единая страна – Единая земля) в области идеологической работы в Вооруженных Силах». План реализации данной политики состоит из 28 пунктов. Ее основная цель – сохранение боевого духа личного состава, его морально-психологической устойчивости и готовность выполнить задачи в любых условиях, опираясь на принцип «Единой страны».

Концепция «Единая земля» подразумевает, что военнослужащие должны защищать территориальную целостность независимого Казахстана, выполняя заветы предков, которые никому не позволили вторгнуться на нашу землю и завещали нам ее сохранить.

- Данная государственная политика направлена на формирование у молодого поколения патриотизма, а также позволяет военнослужащим лучше



познакомиться с историей своей страны, ведь тот, кто не знает своей истории, не видит и будущего, - отмечает майор Балабек.

Наша страна идет по собственному пути развития, придерживаясь многовекторной политики в условиях мировой геополитической нестабильности. В то же время делается большой акцент на укреплении обороноспособности, и реализация подобных концепций, как «Единая страна – Единая земля», позволит быть лучше готовыми к внешним угрозам. Не зря ведь говорят: «Хочешь мира, готовься к войне».

Обретение независимости позволило нашей стране выстраивать свой курс. Однако до этого момента вся история казахского народа была связана с борьбой за суверенитет.

Наш герой выделяет несколько ярких исторических персонажей, оставивших свой след в истории. Первым таким человеком для него является Бауыржан Момышулы – один из представителей рода Шымыр, к которому также принадлежит и Жеңісбек Балабек.

Еще одним примером истинного воина наш герой назвал первого министра обороны Республики

Казахстан, Героя Советского Союза, Халық қаһарманы, генерала армии Сағадата Нурмағамбетова, который проделал колоссальную работу по созданию армии независимого Казахстана.

- Служить в армии независимого Казахстана для меня означает быть защитником, опорой своей Родины и семьи, приносить пользу своему государству, - поясняет офицер.

Служба в армии стала для простого парня из небольшого села хорошей школой. Еще обучаясь в институте, он смог выработать в себе дисциплину, порядок во всем и умение выполнить любую задачу. В армии он научился правильно распоряжаться временем. В дальнейшем он продолжал совершенствовать эти навыки и стал офицером. Он уверен, что нынешнее поколение офицеров, ровесников независимости должно показывать пример во всем молодому поколению.

НА СТРАЖЕ МИРНОГО НЕБА

Командир авиационного звена истребительной авиационной эскадрильи (г. Шымкент) майор Даниель Сабыров родился в семье госслужащих. Его отец был военнослужащим. Сам Даниель Сабыров в рядах Вооруженных Сил с 2011 года.

Окончив Военный институт Сил воздушной обороны имени дважды Героя Советского Союза Т. Я. Бегельдинова по специальности «Командно-тактическая, фронтовая авиация», проходил службу в должности старшего летчика-инструктора (г. Балхаш), командира корабля авиационного отряда (г. Караганда), служил старшим летчиком авиационного звена истребительной авиационной эскадрильи (г. Талдыкорган).

В качестве командира

«СЛУЖИТЬ
В АРМИИ
НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА
ДЛЯ МЕНЯ
ОЗНАЧАЕТ БЫТЬ
ЗАЩИТНИКОМ,
ОПОРОЙ
СВОЕЙ РОДИНЫ
И СЕМЬИ,
ПРИНОСИТЬ
ПОЛЬЗУ СВОЕМУ
ГОСУДАРСТВУ».



авиационного звена он отвечает за личный состав звена (летный, инженерно-технический состав), а также за подготовку и повышение профессиональной выучки военнослужащих звена. В ходе подготовки летчики выполняют полеты в разных метеорологических условиях и разное время суток.

Наш герой начал летать еще в школе, тренируясь на базе Государственного авиационного центра в родной Астане. Поступив в ВИСВО, он продолжил летать на реактивных учебно-тренировочных самолетах L-39. Сегодня летчики эскадрильи летают на сверхманевренных, многофункциональных истребителей Су-30СМ поколения «4++». Они выполняют задачи по несению боевого дежурства.

Летчики военной авиации проходят сложный многоступенчатый отбор. К полетам допускаются лишь самые физически крепкие и морально подготовленные военнослужащие, ведь в воздухе может произойти любая внештатная ситуация, справиться с которой под силу людям со «стальными нервами».

- Обучение летному мастерству в Государственном авиационном центре мотивировало меня стать летчиком истребителя. Кроме того, перед глазами был пример отца. Гражданская авиация меня не привлекала. На мой взгляд, только полеты на истребителях дарят незабываемые ощущения, эмоции и адреналин, - рассказывает летчик.

Как и для любого казахстанского летчика, примером истинного героизма для нашего героя является Талгат Бегельдинов, который в годы Великой Отечественной войны совершил 305 боевых вылетов.

«ГРАЖДАНСКАЯ АВИАЦИЯ МЕНЯ НЕ ПРИВЛЕКАЛА. НА МОЙ ВЗГЛЯД, ТОЛЬКО ПОЛЕТЫ НА ИСТРЕБИТЕЛЯХ ДАРЯТ НЕЗАБЫВАЕМЫЕ ОЩУЩЕНИЯ, ЭМОЦИИ И АДРЕНАЛИН».

- Независимость нашей страны – это результат долгой и упорной борьбы. Каждый гражданин должен ценить то, что у нас есть своя территория, флаг, герб и гимн. Мы должны сохранить все это для наших потомков, - говорит Даниель Сабыров.

Военные летчики – особая категория военнослужащих, ценящих летное братство. Они хорошо знают друг друга и всячески поддерживают.

Офицер (начальник) группы обслуживания радиоэлектронного оборудования инженерной авиационной службы авиационной эскадрильи на самолетах учебного центра Военного института Сил воздушной обороны майор Ильяс Койшибаев родился 15 декабря через год после обретения страной независимости в семье военнослужащего. В детстве по службе отца семья часто переезжала, поэтому он видел и привыкал к армейской «кочевой» жизни.

В 2014 году он окончил ВИСВО по специальности «Техническая эксплуатация радиоэлектронного оборудования». Его отец был примером для него и его

брата, который также окончил данный вуз и стал летчиком.

Для нашего героя военный человек был и остается символом защитника Родины. Вспоминая детство, он признается, что было довольно тяжело находить новых друзей, но с возрастом у него появился интерес к новым знакомствам. Детство в разных гарнизонах подарило ему много друзей по всей стране.

Сегодня на своей должности Ильяс Койшибаев следит за исправностью и боевой готовностью авиационной техники, функционированием радиоэлектронного оборудования. Служба в армии научила его быть самостоятельным и принимать важные решения. По его мнению, в армии по-прежнему сохранился дух товарищества. В ней каждый поддержит словом и делом.

Наши герои росли вместе со страной, переживали с ней первый нелегкие годы становления. Сегодня, выбрав для себя военный путь, они служат офицерами в армии независимой, самодостаточной страны. Каждый из них видит позитивные перспективы развития Вооруженных Сил с учетом политики, проводимой Верховным Главнокомандующим и Министерством обороны.

С каждым годом армейская служба становится все более привлекательной: реализуются новые государственные проекты, растет денежное довольствие. Однако, помимо этого, армия была и остается «крепким мужским братством», в котором каждый стоит на защите Отечества.

Кроме того, у каждого из наших героев есть дети. Может быть, в будущем кто-то из них последует примеру своего отца и станет ровесником «Нового Казахстана».





Елімізде жылына екі мезгіл Қазақстан азаматтарын әскерге шақыру науқаны өткізіледі. Яғни, тепсе темір үзетін, дені сау 18-27 жас аралығындағы жігіттер Отан алдындағы борышын өтеуге міндетті.

Қазір ҚР Президенті Жарлығына сәйкес қыркүйектен бастап азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақырудың күзгі науқаны жүріп жатыр. Ол іс-шара желтоқсанның соңына дейін жалғасады.

Бүгінгі цифрландыру кезінде әскер қалай жасақталып жатыр? Қандай тиімді істер атқарылды? Сарбаздың әскердегі қызметі қалай бағаланады? Мерзімді қызмет кезінде отбасыларымен байланыса ала ма? Осы жайында ҚР ҚК БШ Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті бастығының орынбасары – Әскерге шақыру және әскерден тыс жұмыс басқармасының бастығы, полковник Фархат Айдарбаевтан сұрап білген едік.



**Полковник
Фархат АЙДАРБАЕВ:**

«ЖАҢА ЖҮЙЕДЕ МҮМКІНДІКТЕР КӨП»

– Фархат Қайсаұлы, елімізде азаматтарды әскерге шақыру науқаны қалай өтіп жатыр? Күзгі науқанда Қазақстанның қанша азаматы әскери қызметке шақырылды? Жоспар қалай орындалуда?

– Жалпы елімізде азаматтарды әскерге шақыру науқаны әлі де жалғасып жатыр. Өткен жылы біз 37 мың адам шақырсақ, биыл көбейіп, шақырған азаматтарымыз 40 мыңдай болды. Күзгі науқанда әскерімізді 20 мың адам толықтырады. Жоспар жүйелі түрде орындалуда.

Қазіргі таңда Шекара қызметі, Мемлекеттік күзет қызметі толықтай жасақталды.

Ал еліміздің Қарулы Күштеріне азаматтар 90 пайызы шақырылды, 10 пайызы қалды. Содан соң Төтенше жағдай министрлігі мен Ұлттық Ұлан бар.

– Сіздер қазір жаңа цифрлық әскери жүйеде жұмыс істеп жатқандарыңызды білеміз. Ол қалай жүзеге асып жатыр?

– Жалпы әскерде Қорғаныс министрлігін цифрландыру күнделікті жүріп жатқан өмірдің талабы десе болады. Біз цифрландыру жүйесінде қазіргі таңда әскерге шақырушылардың шақыру комиссиясында денсаулық министрімен интеграциялық

шлюз бар. Оқу министрлігімен, басқа да министрліктермен толықтай интеграция жасалған. Сол база арқылы біз әскерге шақырушыларды шақырған кезде «қандай да диспансерлік есепте тұр ма, жоқ па?» немесе «деніңде қандай кәнараты бар?» деген сауалдарға жауапты, яғни денсаулығы жайында мағлұматтарды олардың ашық «DamuMed», «e-денсаулық» деген қосымшалары арқылы білеміз. Осылайша, қазір Астана және басқа да қалаларда электрондық жүйеде медициналық сараптамаларды өткіземіз. Мұның мәні өзіңіз білетіндей, цифрлану жүйесіне енген интеграциялық шлюз арқылы

біз әр шақырушының оның қандай кезде, қандай жағдайда ауруханаға қаралғаны немесе оның әскерге жарамдылығы жайында толық электронды жүйеден қарап ала аламыз. Ал соның барлығынан кейін, оның ішінде әскерге шақыру комиссиясының медициналық сараптамадан өткеннен кейін шақыру комиссиясының шешімімен жергілікті атқарушы органның, жергілікті әскери басқару органдары бастығының қол қойған бұйрығы шығады. Ол да қазір электронды жүйеге көшірілді.

– Сол электронды бұйрық шыққан кезде әскерге шақырылушының статусы автоматты түрде



өзгере ме? Бұл статустың қандай да бір тиімділігі бар ма?

– Әрине, электронды бұйрық шыққан кезде шақырылушы азаматтың бірден статусы өзгереді. Әскери статус өзгерген кезде әскери қызмет жергілікті атқару органдардың, департамент бастығының қолы қойған күннен бастап 12 ай толық қамтамасыз етіледі. Егер де ол осыған дейін ол «әскерге шақырылушы» болса, ол әскерге шақырылды деген бұйрыққа қол қойған кезде оның статусы «әскери қызметші» деп шығады. Ол әскери қызметші деген статусқа іліккен кезде бұл мәлімет кредитті тоқтату үшін банктерге кетеді. Сол баланың статусы әскери қызметші деп ауысқан кезде оның берешек кредиті болатын болса, сол банкке мәлімет түсіп, олар автоматтандырылған түрде несиені тоқтату



жөнінде жұмыс жасайды. Демек, әскерге шақырылған азаматтың 12 ай мерзімді қызметтің уақытымен тағы қосымша екі ай мерзімін

қосып, осы аралықтағы несиені тоқтата тұрады.

Екі айды біз неге қосып отырмыз? Себебі әскери қызметін атқарып болғаннан кейін бұл жастарымыз екі ай ішінде жұмысқа орналасып, ақша тауып, ата-анасының мойнына ілмейтіндей екі айдан кейін оларға төлеуге құқығы беріліп, мүмкіндігін қарастырып отырмыз.

Бұл цифрлық жағдайда жасалып жатқан дүние. Бұрындары қағаз жүзінде қол қойып, ол қағаздарды кейіннен әр органдарға жіберіп, жауабын күтетін болсақ, қазір олай емес. Бәрі цифрланған жүйеде, онлайн

түрде алуға болады.

– Айтпақшы, биылғы жылдың басынан жасөспірімдерді есепке алу тәртібі де өзгерген еді ғой...

– Иә, биыл 2024 жылдың 1 қаңтарына бастап әскерге шақырылушы жастарды есепке алу тәртібі онлайн тәртібіне көшті. Естеріңізде болса, бұрындары 17 жасқа толған жастарды қаңтар, ақпан айларында үлкен мектептерден жинап, әскери комиссариаттарға апарып, медициналық сараптама жасап, оның жеке істерін қағаз жүзінде жасайтын болсақ,





биылдан бастап біз ондай іске бармаймыз. Олардың барлығы цифрландыру мақсатында автоматты түрде есепке алынады.

Ерекшелігін айтатын болсам, жылына 120 мың адам есепке тұратын болса, биыл сандық жүйеге көшкен кезде бұл сан 170 мыңға дейін көтерілді. Себебін айта кетейін, азаматтарымыз дүниеге келген кезде жеке сандық нөмірін (ЖСН) алатын болса, ол азаматтарымыз кейіннен шетелде оқуы мүмкін және әртүрлі себеппен

шетелде тұрады, бірақ олар есепке алынбайтын. Ал қазіргі автоматтандырылған жүйеде ЖСН-ы бар балаларымыз 17-ге толған күні есепке алынады. Есепке алынған кезде мүгедектер болса, әскерге жарамсызы болатын болса, олар есептен бірден алынып тастайды. Осыған дейін көбінесе «менің балам ауру, мүгедек, неге әскери комиссариатқа шақырасыңдар?» деп наразылықтарын білдіріп жататын еді. Қазір олай емес. Бұл сұрақтың түбегейлі



шешімін табуда оларды әскери комиссариаттарға, жергілікті атқару органдарына шақырмай, есептен бірден алып жатқан жағдайымыз бар.

Жалпы цифрландыру деген әлемді алып жатқан дүние. Ол дегеніміз осы жастарымыздың әскерге қызметке шақырылғаннан кейін олардың қызметтің атқарып болғаннан кейін соның барлығы есепке алынып, цифрландырылған жүйеден өтеді.

– Бұдан өзге «Срочники 2.0» цифрлық платформасы жайында айтып өтсеңіз...

– Бұл да бір жеңілдік. Біздің азаматтарымыз әскерге шақырылған мерзімді әскери қызметін атқаруда «Срочники 2.0» цифрлық платформасы бар. Бұл дегеніміз әскерге келген әр азаматтың оқулығы, тәртібі, дене шынықтыруы, әскердегі тәртібі, барлығы қамтылып, қызметін атқарған кезде орта баллаға шығарылады. Соған байланысты кейін сарбаздар арасындағы конкурста түсіп, сертификат ұтып алуларына, тегін грантқа оқуға түсуге болады. Оның үлкен маңызы бар. Және де ол ашық тұрғыда көрсетіледі. Мысалы, «Срочники 2.0»





платформасында әрбір Қазақстан азаматы интернет арқылы кіріп, өзінің баласының ЖСН-ін енгізіп, оның оқуы, тәртібі қандай

дәрежеде екенін осы жүйеден көруге болады. Бұл – керекті дүние. Бастапқы кезде ата-аналардың, жалпы қоғамның тарапынан сенімсіздік болды.

«Бармақ басты, көз қысты» деген сияқты әрекеттер болмай ма?» деген сауалдар көкейлерінде орныққан еді. Қазір олай емес, жұртқа

бәрі түсінікті. Өйткені мұның барлығы жүйелі түрде өз ісін атқаруда. Әрбір баға алушы, баға беруші азаматтардың істері жіті қадағалануда. Сенім бар.

Жалпы 2024 жылы мерзімді қызмет өткерген 1500 бала оқу грантын жеңіп алды. Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында оқуларын жалғастыруда. Әскер бітіріп барғандардың мінездемелеріне мемлекеттік жоғары оқу орындары мен басқармаларының көзқарастары оң. Талаптары мен талпыныстары өте жоғары бағаланады. Бұл да бір жүйелі жұмыстың жетістігі.

– Қазір әскерге жіберген баласын ата-анасы уайымдап отырады. Олардың көңілін күпті етпеу үшін сарбазға отбасымен бейнеқоңырау арқылы хабарласуға





руқсат беріліп еді. Бұл да оңды әсерін тигізіп жатқан шығар...

– Иә, қазір қоғамда әскер тақырыбы талқыға түсіп жатқаны жасырын емес. Осы орайда «жедел мерзімді қызметкерлерді шақырмайық, әскерді тоқтатайық» деген сауалнама жүргізілгенін білесіз. Соған байланысты әскерге жастарды тарту мақсатында және оның беделін арттыруда министрлік тарапынан кешенді іс-шара қолға алынды.

«Әр істің қайыры бар» демекші, жылдағыға қарағанда кредитті тоқтату, оқуға түсу, жедел мерзімді қызметкерлерінің беделін асырудағы заңдар оң ықпалын берді. Сол сияқты «Отбасына бейнеқоңырау» сервисі де қосылып, ата-аналардың сенімі де ұлғайды.

Қазіргі таңда сенбі, жексенбі күндері әскерлер қызметінен босаған уақытта ата-анасымен интернет арқылы байланысады. Балаларының жүздерін көріп,

олардың да әскери ортаға деген көзқарасы біршама жақсарды. Сондай-ақ әрбір әскери бөлімде көрінбейтін жерлер есепке алынып, бейнебақылаулар орнатылған. Әскери ортаға бейімдеуде көмек қолын созатын мамандарды -психологтар санын көбейту де күн тәртібінде тұрған мәселе. Сөйтіп, әскерде болып жатқан әлемжеттік жағдайларды жібермеу үшін осындай үлкен істер ақтарылуда.

– Дегенмен, кейбір ата-ана баласын әскерге жібергісі келмей жататын кез де болады. Тіпті жастардың өзінде құлық болмайды. Солай әскерден қашатындарды заң басынан сипамайтыны анық. Осы тұста қандай әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын қаперге салып өтсеңіз...

– Иә, бүгінгі таңда 30 мыңға жуық әскерден жалтарушы бар. Жалпы 18-27 жас аралығындағы 731 мың азамат есепте тұр. Соның ішінде 120 мыңы – әскерге жарамды, сол 120 мыңнан биыл 40 мың әскер жасақтаймыз.

Әскерден жалтарудың айыппұлдарын айтатын болсақ, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 647-бабына сәйкес, шақыру қағазы бойынша дәлелді себепсіз келмеген жағдайда бес айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде айыппұл салынады.

Егер азамат медициналық тексеруден немесе шақыру комиссиясының жолдамасы бойынша тексеруден өтуден бас тартса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 648-бабына сәйкес ескерту немесе бес АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған.

Заңды негіздерсіз әскери қызметке шақырудан жалтарғаны үшін қатаң жаза қолданылады. Қылмыстық кодекстің 387-бабына сәйкес, жаза көлемі бір мың АЕК мөлшеріндегі айыппұлдан бастап, 400 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бір жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазасы қолданылуы мүмкін.

Әскери қызметтен жалтару мақсатында өзіне зиян келтіру, аурумын деп сылтаурату немесе құжаттарды бұрмалау





арқылы жалтарғандар үшін қатаң шаралар қарастырылған.

Бұл ретте жергілікті әскери басқару органдарының құзыреті әскерге шақырылушылардың әскери есебін жүргізу және оларды хабардар ету мәселелері бойынша ғана заңды түрде

айқындалады.

Осыған байланысты, жергілікті әскери басқару органдары әскерге шақырылушылардың медициналық комиссияларға келуін бақылайды, олардың қорытындысы бойынша келмеген азаматтардың

тізімдері жасалады және материалдар іздестіру және жеткізу үшін тиісті ішкі істер органына өткізіледі.

– Сөз соңында ата-аналар мен болашақ сарбаздарға не айтар едіңіз?

– Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» деген. Қоғам әрқашан тәртіпке негізделіп, арқа сүйеп, қалыптасып, тіршілік етеді. Қоғамда тәртіп болмаса, ол құлдырайды, яғни келешегі болмайды. Осыны ұмытпағанымыз жөн.

Қазақтың кең алқап даласы бар. Алтай мен Атыраудың арасындағы ұланғайыр жеріміз бар. Арқа мен Алатаудың төсінде өмір сүрген халқымыз бар. Ата-бабамыз аманат еткен жерімізді, тәуелсіз елімізді біз қорғамағанда кім қорғайды?! Сондықтан Отанымыздың 18-27 жас аралығындағы азаматтарға айтарым, аманатты арқалаған ұрпақпыз. Елдің қорғаны бола білейік! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

– Рахмет сізге.

Жұмыстарыңыз алға басын!

**Сұхбаттасқан Рима
БІЛӘЛҚЫЗЫ**



ПРИСЯГНУВШИ ЕДИНОЖДЫ



ПРИНЯТИЕ ВОИНСКОЙ ПРИСЯГИ – ЭТО ОДИН ИЗ ПЕРВЫХ ВАЖНЫХ ШАГОВ В ВОИНСКОЙ СЛУЖБЕ. ИМЕННО В ЭТОТ ВОЛНИТЕЛЬНЫЙ И ОТВЕТСТВЕННЫЙ МОМЕНТ ПОСЛЕ ПРОИЗНЕСЕНИЯ СЛОВ ПРИСЯГИ МОЛОДОЙ ЧЕЛОВЕК СТАНОВИТСЯ ВОЕННОСЛУЖАЩИМ И БЕРЕТ НА СЕБЯ ОБЯЗАТЕЛЬСТВО ПО ЗАЩИТЕ РОДИНЫ. ВЧЕРАШНИЕ ПРИЗЫВНИКИ В ОДИН МЕСЯЦ, ЧТО ДЛИЛСЯ КУРС МОЛОДОГО БОЙЦА, ВОЗМУЖАЛИ, ОБРЕЛИ НАВЫКИ ВОИНА И ТВЕРДОСТЬ ВО ВЗГЛЯДЕ.

ПОСТИГАЯ АЗЫ ВОИНСКОЙ СЛУЖБЫ

В ходе весенней призывной кампании ряды Вооруженных Сил пополнились юношами из разных уголков страны. До принятия воинской присяги новобранцы прошли курс молодого бойца, изучили тактико-технические

характеристики техники и вооружения, основы строевой, государственно-правовой и огневой подготовки и ознакомились с историей и традициями подразделения, в котором предстоит проходить службу. Новичкам помогли адаптироваться и преодолеть первоначальные трудности

общевойсковой подготовки с молодым пополнением, прибывшим по осеннему призыву из Акмолинской, Павлодарской областей и г. Усть-Каменогорск.

Прибывшие в воинскую часть 120 новобранцев изучали основы строевой, физической, огневой, военно-медицинской подготовки, общевоинских уставов и безопасности воинской службы. Занятия проводились в казармах, учебном корпусе и на тактической площадке.

В этот период вновь прибывшим солдатам необходимо было овладеть основами и целями военной службы, распорядком дня и общими обязанностями военнослужащих, боевыми свойствами и общей структурой вооружения и военной техники, а также методами и упражнениями по физической подготовке.

В бригаде морской пехоты Актауского гарнизона прошел курс молодого бойца для 501 солдата срочной службы.

– В воинской части нас

опытные военнослужащие и военные психологи, которые проводили с ними индивидуальные беседы и изучали психологические особенности солдат.

Так, в войсковой части 30217 Регионального командования «Восток» прошли занятия по основам





тепло встретили командиры, выдали новую военную форму. За короткое время мы научились очень многому. Скоро начнутся стрельбы, а пока ежедневно занимаемся строевой подготовкой и изучаем обязанности солдата, – поделился призывник из Актюбинской области рядовой Ерболат Қалдығұл.

Важной частью подготовки является знакомство с тактико-техническими характеристиками вооружения, в частности, с автоматом АК-74.

- Сегодня для нас это важный и волнительный момент - мы впервые взяли оружие в руки. С утра на полигоне мы выполняли учебные стрельбы, тренировались в одном из упражнений. Мы тщательно готовились к этому дню, изучали тактико-технические характеристики автомата, усваивали меры безопасности и правила выполнения упражнения. Появился запах пороха, а сам автомат как будто ожил в руках. Эмоции сложно передать словами, это важный шаг на пути к становлению настоящими солдатами. Впереди еще много подготовки, и мы готовы к этим испытаниям, - поделился впечатлениями новобранец из Северо-Казахстанской области рядовой Улан Ыдырыс.

По словам командиров, уже в первый месяц службы у

привыкнут к распорядку дня, научатся грамотно и эффективно распределять свое время.

Настоящим испытанием духа молодых воинов стала «обкатка» бронетехники. На полигоне «Оймаша» в Мангистауской области 576 новобранцев бригады морской пехоты и базы материально-технического обеспечения Регионального командования «Запад» прошли обучение в условиях,

бронированной техникой противника в условиях ближнего боя. Несмотря на сложное с психологической точки зрения упражнение, все обучаемые справились с ним и преодолели полосу препятствий, – отметил заместитель командира батальона капитан Ратбек Куатбеков.

Перед тем как приступить к этой задаче, солдаты освоили основы борьбы с танками условного противника. Им также объяснили правила и способы применения противотанковых гранат и стрелкового оружия против бронетехники в различных условиях боя.

– С раннего утра вышли на полосу препятствий: вначале разобрали и собрали автомат Калашникова, потом преодолели зараженную местность и колючую проволоку, двигались с 20-килограммовым грузом. Завершилось занятие обкаткой танками. Ощущения невероятные, словами трудно передать – это нужно испытать самому, – поделился впечатлениями новобранец Давид Массеров



солдат формируются многие навыки, которые пригодятся им на протяжении всей жизни. Молодые воины станут дисциплинированными,

максимально приближенных к реальным боевым действиям.

– Обкатка танками позволяет обучить солдат приемам борьбы с





из Акмолинской области.

Проверку на мужество и умение преодолевать страх прошли и молодые солдаты срочной службы, прибывшие осенью этого года служить в части Регионального командования «Юг».

– Поскольку это самый первый полевой выход молодых солдат, вопросам соблюдения мер безопасности мы уделяем большое внимание, – подчеркивает начальник штаба майор Манарбек Зейнуллин. – Мы полностью контролируем весь процесс, начиная от движения военной техники и до выхода солдат из окопа.

Наблюдая за действиями молодых солдат, командиры замечают блеск в их глазах

и видят, как наполняются решимостью их лица. Именно в эти секунды, пока многоцелевой тягач проезжает над окопом, мальчишки и мужают.

– Ощущения были невероятные, прямо как на войне. Конечно, был немножко страх, но мы же мужчины, должны все это испытать, – делится впечатлениями солдат срочной службы Ауелбек Дулат из Шымкента. – Я впервые сегодня стрелял из автомата. Было очень круто, я не жалею, что пришел в армию. Я считаю, что каждый гражданин, который считает себя мужчиной, должен служить в армии и проверить себя в деле.

Еще вчера молодые

ребята представления не имели об армии и военной службе, а сегодня как настоящие воины смело вышли навстречу грозной технике, отбросив в сторону волнения и переживания. Вот так, шаг за шагом парни будут взрослеть и мужать, закалять свой характер и овладевать боевыми навыками, что и является основной целью срочной военной службы.

КЛЯТВА НА ВЕРНОСТЬ ОТЧИЗНЕ

В столице у монумента «Отан қорғаушылар» состоялась торжественная церемония принятия Военной присяги молодым пополнением воинской части 68665.

Со знаменательным событием солдат пришли поздравить депутаты Мажилиса Парламента, представители Министерства обороны, ветераны Вооруженных Сил, военнослужащие, родные и друзья.

Перед принятием присяги состоялась церемония возложения цветов к Вечному огню.

Новобранцев приветствовал руководитель РОО «Тayelsiz Qazaqstannyn Halyq Batyrlary» Халық қаһарманы генерал-лейтенант в отставке Бахытжан Ертаев. Он отметил, что защита Республики Казахстан – священный долг и обязанность гражданина.

– Каждый из нас – от рядового до генерала – должен быть в постоянной готовности к защите суверенитета и целостности страны. Героизм и самоотверженность наших предков служат для всех нас вдохновляющим примером, который наполняет наши сердца гордостью, дает силы и напоминает о нашей общей цели – сделать мир вокруг нас лучше, – сказал Бахытжан Ертаев.

Солдат также поздравил член комитета по международным делам, обороне и безопасности Мажилиса Парламента Болат Керимбек.

– Наши предки говорили: «Величие народа – в величии духа, идите по дороге жизни, не склоняя головы, не роняя чести». Желаю вам с достоинством отслужить и вернуться домой крепкими, возмужавшими, чтобы вами могли гордиться родные и близкие. Крепкого вам здоровья и успехов, – пожелал депутат.

Как отметил командир воинской части 68665 полковник Абай Алибеков, за месяц службы новобранцы, призванные из разных уголков Казахстана, прошли курс молодого бойца. Они ознакомились с историей и традициями части, изучили уставы, тактико-технические характеристики военной техники и вооружения, основы строевой и огневой подготовки, выполнили первые стрельбы.

Для солдат Жандоса





Оралова из Жамбылской области и Нұрдаулета Сұлтанғазы из Караганды принятие присяги совпало с их 19-летием. Молодые люди отметили, что этот день рождения они запомнят на всю жизнь.

На площади участники церемонии ознакомились с современными образцами военной техники. Военнослужащие воинской части 68665 продемонстрировали им

элементы рукопашного боя и дефиле с оружием.

В гарнизонах южной группировки войск приведены к присяге две тысячи молодых солдат.

Мероприятия возглавили заместители командующего войсками Регионального командования «Юг». Солдат полка связи в Таразском гарнизоне с принятием присяги поздравил первый заместитель командующего – начальник штаба войск

РГК «Юг» полковник Нурлан Карибаев. Мотострелков 5-й механизированной бригады имени Бауыржана Момышулы в селе Мерке – заместитель командующего по воспитательной и идеологической работе полковник Нуржан Омерзаков. Бойцов механизированной бригады Шымкентского гарнизона – заместитель командующего войсками РГК «Юг» по боевой подготовке полковник Бауыржан Куренкеев. Воинов 40-й военной базы «Отар» Гвардейского гарнизона приветствовал ее начальник полковник Ержан Мейрманов. Представители командования пожелали солдатам успешной службы, крепкого боевого духа и воинского братства.

За торжеством наблюдали родные и близкие солдат, прибывшие из разных областей страны, представители местных исполнительных органов,

ветеранских организаций, члены общественных объединений и участницы движения солдатских матерей. Они призвали солдат быть верными Военной присяге, наращивать боевую выучку и гордиться званием защитника Отечества.

В тот же день Военную присягу приняли солдаты в других регионах Казахстана. В Актюбинском гарнизоне на верность Родине присягнули более 200 солдат срочной службы. Торжественная церемония состоялась в Актюбе у Стелы благодарности казахскому народу. Молодые бойцы с оружием в руках поклялись достойно исполнять воинский долг, мужественно защищать свободу, независимость, конституционный строй страны и ее народ.

Внимание участников мероприятий были представлены показательные выступления военнослужащих





по рукопашному бою, элементы строевых приемов с оружием.

По традиции для родственников были организованы экскурсии по воинским частям, где им показали учебные классы, казармы, столовые и бытовые комнаты. Посетители познакомились с командирами, которые ответили на интересующие их вопросы. Оставшуюся часть дня родители смогли провести с сыновьями.

Клятву на верность Родине дали 1200 десантников, проходящих службу в Алматинском, Жетысуском и Конаевском гарнизонах.

На плацу алматинской Десантно-штурмовой бригады имени Райымбек батыра собрались военнослужащие, родные и близкие солдат.

– Вы, молодые десантники, принимаете героическую эстафету воинов старших

поколений. С принятием присяги вы становитесь полноценными воинами и в полной мере несете ответственность за защиту суверенитета и территориальной целостности страны, – сказал заместитель командующего Десантно-штурмовыми войсками по воспитательной и идеологической работе полковник Раджан Жанысов.

Военная выправка десантников читалась по развернутым плечам, приподнятым подбородкам и четким движениям.

– Месяц назад наш сын был домашним ребенком, сейчас он – настоящий боец, подтянутый и серьезный. Спасибо командирам, это результат их труда, – поделилась мама рядового Руслана Бузенюс Ляззат Исмагулова.

Со словами напутствия к молодым солдатам обратился



отец рядового Алинура Тлеукабылулы Асимхан Тлеукабылов. Он рассказал, как 31 год назад принимал присягу на этом плацу. Затем в период с июня по сентябрь 1995 года вместе с сослуживцами находился в Горном Бадахшане, где они выполняли боевую задачу по охране таджикско-афганской границы.

В течение месяца новобранцы проходили курс молодого бойца. Изучили требования уставов, элементы строевой подготовки с оружием и без, приемы рукопашного боя. Научились разборке и сборке оружия с завязанными глазами. Все это десантники продемонстрировали в ходе торжественной церемонии. А военнослужащие Военно-морских сил показали дефиле с оружием и элементы рукопашного боя.

Родные солдат с гордостью

наблюдали за успехами своих сыновей. После показательных выступлений для гостей провели экскурсии по воинским частям и ознакомили с условиями службы военнослужащих.

На торжественной церемонии в городе Актау и поселке Бейнеу 753 новобранца дали клятву на верность Родине.

Среди них – солдаты бригады морской пехоты, базы материально-технического обеспечения и бойцы разведывательного полка.

В мероприятиях приняли участие командование воинских частей, представители военной прокуратуры, комитета солдатских матерей, ветераны Вооруженных Сил, воины-афганцы, а также более двух тысяч родных и друзей новобранцев.

– Сегодня вы приняли Военную присягу, а с





ней на вас возлагается ответственность перед Родиной. В течение года службы вы приобретете ценные навыки, которые пригодятся вам также в гражданской жизни. Будьте верны своей клятве и служите с честью, – напутствовал молодых солдат заместитель командующего войсками Регионального командования «Запад» полковник Бегимбет Тажибаев.

Родители солдат отметили изменения, произошедшие с их сыновьями за месяц службы.

– Мы очень гордимся вами



надежды родных. Если понадобится, сделаем все для защиты страны. Для нас важно, чтобы она была свободной, сильной и процветающей, – сказал он.

После официальной части для гостей были организованы показательные выступления морских пехотинцев, выставка вооружения и военной техники, а также экскурсия по воинской части. Посетителям показали учебные классы, казарму, столовую и спортзал. Родители солдат также встретились с командирами, которые ответили на все интересующие их вопросы.



и видим, как вы повзрослели, стали настоящими мужчинами. Служба в армии важна не только для вашего личного роста, но и для обеспечения безопасности нашей страны, – подчеркнула мама рядового Каиржана Актогая Асем Рамазанова из Павлодарской области.

Своими впечатлениями о службе поделился рядовой Алмас Даулетбек из области Абай.

– Служу в морской пехоте. Для меня это огромная честь – быть частью элитных войск. Постараюсь оправдать доверие командиров и





ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ

ӘСКЕРИЛЕРГЕ ЖАСАЛАТЫН ЖАҒДАЙ – КӨПТІҢ КӨҢІЛІНДЕ ЖҮРГЕН КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ БІРІ. ШЫНЫМЕН ДЕ, ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІГЕ МЕМЛЕКЕТТЕН ҚАНДАЙ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕҢІЛДІКТЕР ЖАСАЛАДЫ? ИӘ, БІЛЕТІН СІЯҚТЫМЫЗ. БІРАҚ ЖЕМЕ-ЖЕМГЕ КЕЛГЕНДЕ «ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІГЕ ӘЛЕУМЕТТІК, МЕДИЦИНАЛЫҚ, ҚАРЖЫЛЫҚ КӨМЕК ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ БОЙЫНША КӨПТЕГЕН ЖЕҢІЛДІК ҚАРАСТЫРЫЛҒАН» ДЕГЕН СӨЗДЕР КӨКЕЙІМІЗДЕ САЙРАП ТҰРСА ДА, АР ЖАҒЫМЫЗДА БІР СЕНІМСІЗДІКТЕР ТҰРАТЫНЫ ЖАСЫРЫН ЕМЕС. ЕНДЕШЕ, БҮГІН ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ҚАУЖАЛАП КӨРЕЙІК.

Алдымен мерзімді әскери қызметке қатысты.

Жалпы бүгінгі күштік құрылымдарға, оның ішінде Қарулы Күштерге қатысты халықтың пікірі әртүрлі. Бірі мақтайды, бірі даттайды. Бірақ ол – өмірдегі қалыпты жағдай. Кешегі кеңестік заманда кез келген 18-ге толған бозбала Отан алдындағы азаматтық борышын өтеу үшін әскерге дер кезінде кетуге асығатын. Оған өзін іштей дайындайтын және қызмет еткенін мақтан тұтатын. Лауазымдық міндеттеріне байланысты оларға да тиісті жеңілдіктер көрсетілетін. Ол негізінен ақшалай және мүлктік үлестермен анықталатын.

Тәуелсіз Қазақстан әскерінде осы сұрақ төңірегінде не өзгерді? Алдымен әскерге шақыру және шақыруды кейінге шегеру мен мүлде шақырмау барысында біраз негіздемелер бекітілді. Жастар арасында әскери міндетін өтеуден бас тартатындар мен жалтаратындар да жиі кездесіп тұрады. Ал киім-кешек үлесі, қаржылай үлес және басқа үлестер мөлшеріне аздаған ғана өзгерістер енгізілді. Негізгі формасы ұқсас.

Енді әскери қызметке тоқталайық.

Түйіндеп айтар болсақ, әскери адам болудың артықшылығы да бар, оған қарастырылған жеңілдіктер де аз емес. Отанын қорғау ең алдымен, кәмелеттік жасқа толған әрбір азаматтың қасиетті борышы. Мемлекеттік қызметтің ерекше түріне жататын бұл салада қызмет ету алдымен әрбір ер азаматқа тән. Әрине, арғы-бергі және бүгінгі әскер қатарында қыз-келіншектерге тыйым салынбаған. Олар қатардағы қызметтен бастап жоғары лауазымды орындарда да ерлермен қатар қызмет етуде. Дей тұрғанмен, әскери жолды таңдауға әркімнің батылы бара бермейді. Өйткені, әскери адам болу оңай жұмыс емес. Иығыңа шен тағып, мойныңа үлкен жауапкершілікті аласың. Тиісінше, ең бірінші жеңілдігі – зейнетке 45 жасында шыға алатындығы және баспанамен қамтамасыз етілетіндігі.

Әскери қызметтің ерекшеліктеріне және қосымша кепілдіктер мен әскери қызметшілердің мүдделерін қорғау қажеттілігіне, сондай-ақ



азаматтардың осы санаты үшін белгілі бір құқықтарды көбірек көлемде қолдану белгіленген. Солардың ішіндегі күрделі сұрақтың бірі баспана туралы.

Жеке басында баспана немесе оған теңестірілген жылжымайтын мүлік болмаса және 20 жылдан аса үзілмеген еңбек өтілі болса, мемлекет тарапынан баспана тегін беріледі. Ал кейінгі жылдарда тиісті баспананың орнына қаржылай өтемақы төлене бастады. Бұл олардың азаматтық тұрғын алабынан сапалы баспаналар сатып алуына жол ашты.

Баспанаға қатысты тағы бір жеңілдік қарастырылған.

Кеңестік дәуірде әскери қызметші пәтерақы төлеген кезде 50 % жеңілдік жасалатын. Ал Қазақстан әскерінде алғашқы жылдары солай болған, қазір пәтер (немесе үй) жалдап тұрған әскери қызметшінің отбасы мүшелерінің әрқайсына есептеліп ақшалай төлем жасалады. Оның мөлшері қызмет етіп жүрген гарнизонға қатысты анықталған. Нақтырақ айтқанда, отбасының әр мүшесіне 40 мың мен 70 мың

теңгенің аралығында төлем жасалады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы Заңдары мен заңнамалық құжаттарына сәйкес әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелеріне әскери-медициналық мекемелерде (әскери емханада, емдеу орындарында, госпитальдарда) тегін медициналық көмек көрсетіледі. Бұл жерде тағы бір нәрсені анықтай кеткен дұрыс.

Мәселен, әскери-медициналық мекемеде қажетті маман немесе заман талабына сай техникалық аппарат түрі болмаған жағдайда, диагнозы анықталған әскери қызметші азаматтық саладағы мемлекеттік, я болмаса жекеменшік дансаулық сақтау ұйымына жолдануы мүмкін. Мұндай жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен әскери қызметшінің емделуіне жұмсалған қаражатты ол қызмет ететін орын тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шегінде өтеп береді.

Бұдан басқа, әскери қызметші лауазымдық міндеттерін орындау кезінде



жараланған, контузияға ұшыраған, мертлікке немесе ауырған жағдайда қызмет орны есебінен санаторийге жіберіледі. Бұл жеңілдік медициналық көрсеткіштері болған жағдайда мерзімді қызмет әскери қызметшілері мен әскери оқу орындарының курсанттарына, тыңдаушыларына да беріледі. Нақтырақ айтқанда, олар да мемлекет есебінен санаторлық-курорттық емделуге бара алады.

Енді әскери қызметшілерге көрсетілетін әлеуметтік қамсыздандыру сұрақтарына тоқталайық.

Бірінші кезекте, әскери қызметшілердің барлық санатына өзінің лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін мемлекеттік бюджет есебінен ақы төленеді. Азаматтық салада айлық жалақы болса, әскери салада ақшалай үлес төленеді. Оның көлемі әскери қызметшінің лауазымдық және әскери атағы бойынша жалақы көлеміне және одан басқа қызмет өткерудің ерекше жағдайы үшін белгіленеді.

Келісімшарт бойынша әскери қызметшілердің лауазымдық жалақысы мемлекеттік қызмет өтілі ескеріле отырып айқындалады. Бұл санаттағылардың лауазымдық шеніне және әскери атағына қарай қосымша ақы мөлшері төмендемейді.

Төленетін ақшалай үлесті, жәрдемақы мен басқа да төлемдерді уәкілетті органдар белгілейді.

Әскери қызметші әскери қызметте белгісіз себеппен болмаған жағдайда оған бұл күндері үшін ақшалай үлес төленбейді.

Әскери қызметшілерге жарылу қаупі бар заттарды және өзге де жарылғыш құрылғыларды іздеу, тасымалдау, залалсыздандыру және жою сияқты жауынгерлік

міндеттерді орындаған кезде уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тәулігіне бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жәрдемақы төлейді.

Радиоактив материалды, иондаушы сәулелену көздерін, аса жоғары жиілікті немесе зымыран отының бөлшектерін пайдалану, сақтау бойынша қызмет істеп жүрген, сонымен қатар авария салдарын жою бойынша уақытша жұмысқа тартылатын әскери қызметшілерге жылына 12 тәулікке дейін қосымша демалыс беріледі.

Келісімшарт бойынша жабық және оқшауланған әскери қалашықтарда, шекара заставаларында қызмет атқаратын әскери



қызметшілерге ҚР «Республикалық бюджет туралы» заңында белгіленген мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

Әскери қызметшілер мемлекет есебінен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша уәкілетті мемлекеттік органның бірінші басшылары бекіткен норма бойынша заттай мүлікпен қамтамасыз етіледі.

ҚР уәкілетті мемлекеттік органдарының бірінші басшылары белгілейтін нормалар бойынша: жауынгерлік кезекшілікті атқарған кезде; қарауылдағы қызметті атқарған кезде; тәуліктік нарядты атқарған кезде; далалық шығуларға (теңізге шығуларға) қатысқан кезде; орналасқан орындарда

дауылға қарсы әзірлік кезіндегі іс-шараларды жүзеге асырған кезде; маяктарда вахтада тұрған кезде; суасты міндеттерін (жұмыстарын) орындаған кезде; парашютпен секірген кезде; әскери эшелондарға ілесіп жүрген кезде; әскери-медициналық мекемелерде (ұйымдарда) стационарлық емделуде болған кезде; гауптвахтада ұсталған кезде; бітімгершілік операцияға қатысқан кезде, сонымен бірге бітімгершілік операция жүргізу аймағына (ауданына) бару және кері қайту кезінде әскери қызметшілер жеңілдіктермен қоса тамақтандырумен қамтамасыз етіледі.

Ұшқыштар құрамының әскери қызметшілері әскери

қызмет өткеру кезінде, авиациялық техникаға және рұқсат етілген инженерлік-техникалық құрылғыларды дайындау кезінде уақытында тамақпен қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілер мемлекет есебінен қызметі бойынша ауысқан кезде немесе әскери қызметтен шығарылған жағдайда стационарлық емделуге, теміржол, әуе, су және автомобиль көлігімен жол жүруге және 10 тоннаға дейін жеке мүлікті тасымалдауға құқығы бар.

ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңында әскери қызметшілерге Қазақстан аумағы бойынша көлікте жол жүруге және пошта жөнелтімдеріне арналған басқа да шығындар өтеледі.

Бұдан басқа қашықтығы 100 шақырымнан астам бір елдімекеннен басқасына қоныс аударуға байланысты қызмет бабымен ауысқан кезде (оның ішінде әскери бөлім немесе бөлімше құрамында) қызметкерге және бірге қоныс аударған әрбір отбасы мүшесіне ақшалай қаражат төленеді.

Енді әскери қызметтен босап зейнеткерлікке шыққан азаматтарға қатысты жасалатын төлемдер туралы айта кетейік.

Қолданыстағы заңнамалық актілерге сәйкес әскери қызметшілер үшін көзделген зейнетақылардың құрылымы қарапайым және жалпы ереже бойынша қосымша төлемдерді қамтымайды. Керісінше, зейнетақыға үстемеақылар мен зейнетақының өсуі қарастырылған.

Сөз соңында, мерзімді әскери қызметшілер үшін енгізілген әлеуметтік қолдаудың жаңа түріне тоқталып өтейік.

Бұл санаттағылар әскери қызметтен босатылар алдында азаматтық және әскери саладағы жоғары немесе арнаулы оқу орындарына түсуге сертификат алатын болды. Басқаша айтқанда, жауынгерлік әзірлік пен жауынгерлік дайындық барысында лайықты деп танылған сарбазға күштік құрылым басшылары атынан сертификат құжаты беріледі. Ондай үміткерлер оқуға түсу кезінде көптеген жеңілдіктер алады. Яғни, болашағына үлкен жол ашылады.

Міне, осылайша бүгін әскери қызметшілерге жасалатын жеңілдіктерге мүмкіндігінше кеңінен шолу жасадық. Әрине, шағын мақалада барлығын бірдей терең талдаудың реті келмеді. Әйтсе де, біраз ақпараттың бетін ашқандаймыз. Ең бастысы, игілікті істердің қайтарымы мол болсын демекпіз.

Марат ЖҮНИС-БЕК



ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҢ НӘТИЖЕ

2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДА «ШЫҒЫС» ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КҮШТЕРІ ЖАУАПКЕРШІЛІК АУМАҒЫНДА БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ ЖӘНЕ ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҒЫ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК ӘЗІРЛІГІН, МЕМЛЕКЕТТІҢ ӘСКЕРИ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕҢГЕЙІНДЕ ҰСТАУҒА ЖҰМЫЛДЫРЫЛДЫ. ЕЛ ПРЕЗИДЕНТІ – ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІНІҢ ЖОҒАРҒЫ БАС ҚОЛБАСШЫСЫ БЕЛГІЛЕГЕН БАСЫМДЫҚТАР, ҚР ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІ МЕН ҚР ҚК ҚҰРЛЫҚ ӘСКЕРЛЕРІ БАС ҚОЛБАСШЫСЫ ҚОЙҒАН ТАПСЫРМАЛАР ІСКЕ АСЫРЫЛЫП, ӨҢІРЛІК ҚОЛБАСШЫЛЫҚТЫҢ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ МЕН ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖОСПАРЛАНҒАН ӘЗІРЛІК ЖОСПАРЫНЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ ТОЛЫҚ КӨЛЕМДЕ ОРЫНДАЛДЫ. ҚОЛБАСШЫЛЫҚТЫҢ ЖЕКЕ ҚҰРАМЫ ОҚУ ЖЫЛЫНА ҚОЙЫЛҒАН ОҚУ-ЖАУЫНГЕРЛІК МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАУДА ЖОҒАРЫ КӨРСЕТКІШКЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ.

Бітімгершілік миссиясын орындауда

Қазақстанның алғашқы дербес ұлттық бітімгершілік контингентінің құрамында «БҰҰ-ның Голан биіктіктеріндегі бөлінуді бақылау жөніндегі күштері» миссиясын орындауға «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының әскери қызметшілері де мүмкіндік алды.

«БҰҰ-ның Голан биіктіктеріндегі бөлінуді бақылау жөніндегі күштері», «БҰҰ-ның бітімгершілік шарттарының орындалуын бақылау органы (UNTSO, Палестина-Израиль), БҰҰ-ның Оңтүстік Судан Республикасындағы миссиясы (UNMISS, Оңтүстік Судан), БҰҰ-ның уақытша қауіпсіздік және Абье күштері (UNISFA, Судан) миссияларына қатысу



үшін 430 адамнан аспауы тиіс ҚР Қарулы Күштерінің әскери персоналын жіберуді Парламент мақұлдаған. Алғашқы ротацияның негізгі құрамындағы «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының жеке құрамы 2023 жылы 27 наурыз-10 қазан аралығында ҚР ҚМ бітімгершілік операциялар орталығының «Бітімгер» оқу полигонында «БҰҰ-ның Голан биіктіктеріндегі бөлінуді бақылау жөніндегі күштері» бітімгершілік миссиясын орындау үшін төрт кезеңдік дайындықтан өтті. 2023 жылы 11-15 желтоқсан күндері миссияға ұлттық контингентті орналастыру алдында БҰҰ сарапшыларының инспекциялық бағалауынан да өткен. Әскери техникасы, қару-жарағы мен резерв ротасы ретінде мүлкі бар 139 әскери қызметші 2024 жылдың

наурыз айынан миссияны атқаруды бастады. «БҰҰ-ның Голан биіктіктеріндегі бөлінуді бақылау жөніндегі күштері» миссиясын орындау бір жылға, яғни, 2024 жылдың 15 наурызынан 2025 жылдың 15 наурызына дейін созылады.

Қазақстандық бітімгершілік контингенті БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің 1974 жылдың 31 мамырындағы №350 резолюциясы негізінде құрылған БҰҰ бөлінуді бақылау күштері миссиясы қолбасшылығының резервінде болады. Миссияның ерекшелігі сол, контингент құрамына әскери әйелдер де алынды. Айта кетейік, өңірлік қолбасшылықтың әскерилері бұған дейін Қазақстан мен Үндістан арасындағы «Біріккен Ұлттар Ұйымының Ливандағы уақытша күштеріндегі» (United Nations Interim Force In Lebanon – UNIFIL) үндістандық



батальон құрамында қазақстандық бітімгершілік контингентін бірлесіп өрістету туралы меморандумға сәйкес БҰҰ Ливандағы миссиясына қатысқан. Ливандағы миссияны орындау жылдары Қазақстан жауынгерлері кәсібилігі жағынан халықаралық стандарттарға сай деңгейде екенін таныта білді.

Халықаралық оқу-жаттығуға қатысты

Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Өзбекстан делегацияларының басшылары мен әскери контингенттері қатысқан «Бірлестік – 2024» жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуына «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының инженерлік және радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс құрылымдары тартылды. Оқу-жаттығу қарулы қақтығысты оқшаулау жөніндегі бірлескен операция басқару органдарының үйлесімділігін, жауынгерлік әзірлікті және әскери контингенттер бөлімшелерінің жедел үйлесімділігін жетілдіруге бағытталды. Нақты жауынгерлік жағдайға жақын модельденген оқу-жаттығуда қайта топтастыру және біріккен әскерлер тобын құру мәселелері пысықталды. Тактикалық эпизодтарды орындауға авиация, әскери-



теңіз күштерінің кемелері, артиллериялық есептоптар, әуе қорғанысының зениттік-зымырандық кешендері, броньды және инженерлік техника, сондай-ақ, ұшқышсыз ұшу аппараттары жұмылдырылды. «Оймаша» полигонындағы және Тоқмақ мүйісіндегі Каспий теңізінің қазақстандық акваториясындағы бірлескен маневрлерді 4 мың әскери қызметші жүзеге асырды. Олардың арасында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының әскерилері де тәжірибе жинақтап, жауынгерлік әзірліктің жоғары деңгейін көрсетті.

Далалық емтиханды жақсы тапсырды

ҚР Қарулы Күштерінің әскер түрлері мен тектерін қамтыған «Айбалта – 2024» жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуына «Шығыс» өңірлік қолбасшылығына қарасты

32355-К, 44793, 32388, 27943, 40398 әскери бөлімдерінің жеке құрамы мен әскери техникасы «Мәтібұлақ»



полигонына темір жол көлігі арқылы жеткізілді.

Бұл оқу-жаттығу әлемдегі әскери шиеленістерді негізге ала отырып, еліміздің күш құрылымдарының біріккен қимылдарын әрі штабтардың жұмысындағы өзара үйлесімділікті арттыруды көздеді. Қазіргі соғыс пен қарулы қақтығыстардың түр-сипатына қарай күннен күнге жетілдіріліп жатқан атыс, барлау мен қадағалау құралдары, арнайы әскери операциялардың жаңа әдіс-тәсілдері мен түрлері, қорғаныстың жауынгерлік қимылдары барынша ескерілді. Жеке құрамның жауынгерлік

әзірлігіне, бөлімшелердің, әскери бөлімдер мен құрамалардың үйлесімділігіне, жауынгерлік қимыл-әрекетті ұйымдастыруда әрі әскерді басқаруда командирлер мен басқару органдарының дағдыларын тексеру мен жетілдіруге ден қойылды. Жедел әрекет ету күштерінің жауынгерлік қимылы жан-жақты пысықталды. «Айбалта – 2024» жедел-тактикалық командалық-штабтық оқу-жаттығуына қатысқан қолбасшылықтың жеке құрамы қойылған тапсырмалар мен қызметтік міндеттерді жақсы орындады.

Алғаш рет 1420 адам шақырылған оқу жиыны

Абай гарнизонында ҚР «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына және ҚР Үкіметінің «Әскери міндеттілерді оқу әскери жиынына шақыру туралы» қаулысына сәйкес әскери міндеттілердің оқу әскери жиыны болды. Оған Абай, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарының қорғаныс істері жөніндегі басқармалары арқылы запастағы офицерлер, әскери міндетті сержанттар мен сарбаздар шақырылды. Әскери басқарма





органдарының жұмылдыру мәселелерін пысықтау жөніндегі тәжірибелік дайындығы әскери міндеттілерді алдын ала жинау пунктінен басталды. Үш облыстан келген әскери міндеттілер міндетті түрде медициналық тексерістен өтіп, әскери киім-кешекпен, қажетті құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген соң, «Шығыс» тұраралық полигонындағы далалық лагерге қоныстанды. Әскери міндеттілердің оқу әскери жиынының ашылу салтанатына ҚР Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қарулы Күштері Бас штабының бастығы генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов пен ҚР Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Бас қолбасшысы генерал-майор Асан Жүсіпов қатысты.

Қорғаныс министрлігінің жауынгерлік дайындық жоспарына сай еліміздегі әскери міндеттілердің жиыны 2007 жылдан бері жыл сайын өткізіліп келеді. Бұған дейін Отан алдындағы әскери борышын өтеген азаматтар жауынгерлік әзірлік, әскери

іс, әскери қару-жарақ пен техниканың ерекшеліктеріне теориялық және практикалық негізде қайта оқытылады. Сержанттар мен сарбаздар 50 жасқа дейінгі, офицерлер 60 жасқа дейінгі құрамда қайта дайындықтан өтеді. Оқу жиынының кестесі 30 күнге бекітілген. Еліміз бойынша 2023 жылы әскери міндеттілердің оқу әскери жиынына 1500 адам шақырылса, биыл олардың саны екі есеге артқан. Яғни, 1500-ге жуық адам Абай облысына, осынша адам Қарағанды облысындағы

жиынға жиналды.

Полковник Руслан ОМАРОВ, Абай облысы Қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы:
«Қарсылық білдірген адамдар болған жоқ. Неге десеңіз, бұл бағытта жергілікті әскери басқару органдарымен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп көптеген жұмыс жүргізілді. Әскери міндеттілерге оқу жиыны туралы жан-жақты түсіндірілді. Бұл – қолданыста болған заңнама талаптарына сәйкес әскери



бөлімдеріміздің жұмылдыру және жауынгерлік даярлығының деңгейін жоғарылату мақсатында жүргізілетін әскери жиындар. Әрі әскери оқытылған резервті қалыптастыруда тапшы әскери-есептік мамандықтар бойынша дайындау үшін аса маңызды. Айта кететін тағы бір жайт: шақырту алған әскери міндеттілердің жиынға қатысуға келген-кеткен күндермен қоса, тұрақты жұмыс орны да, атқаратын лауазымы да сақталды. Оларға орташа айлық жалақы Қорғаныс министрлігінің есебінен төленді. Ал, еш жерде жұмыс істемейтіндерге ең төменгі жалақы есептелінді. Елімізде 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңге екенін өздеріңіз жақсы білесіздер».

Әскери міндеттілер танк, артиллериялық, зениттік,



тылмен қамтамасыз ету, техникалық қамтамасыз ету, байланысшылар құрылымдары бойынша барлығы 41 мамандық бойынша дайындалды. Абай гарнизонының «Шығыс» оқу полигонында 1420 адам шақырылған оқу жиыны алғаш рет ұйымдастырылғанын айта кеткен жөн. Запастағы әскери міндеттілердің оқу әскери жиыны – ол қалыптасқан дағдыларды нықтап, жаңартып, әскердегі тапшы мамандықтар бойынша жаңа әдістерді үйренуге жақсы мүмкіндік. Өзге мамандықты игеру – екінші білім алумен тең.



Оқу жылының үздіктері

Жалпы алғанда, қолбасшылықтың жеке құрамы 2024 оқу жылында жемісті еңбек етті. Жауынгерлік әзірлікті одан әрі белсендірудің, кәсіби дағдыны барынша арттырудың, әскери тәртіп пен құқық тәртібінің жағдайын жақсартудың оң үрдісін сақтай біліп, жедел және жауынгерлік дайындықта да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

40398 әскери бөлімінің мотоатқыштар батальоны мотоатқыштар ротасының командирі аға лейтенант Е.Қанат «Үздік рота (батарея) командирі», 27943 әскери бөлімінің танк ротасы танк взводының командирі аға лейтенант А.Толқын «Үздік взвод командирі», 28738 әскери бөлімінің сержанты 2-ші сыныпты сержант А.Жақсылықов «Үздік бригада, полк (база)

сержанты», 30217 әскери бөлімінің жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушысы – батальон сержанты 2-сыныпты сержант Қ.Түсіпжан «Үздік батальон (дивизион) сержанты», 99225 әскери бөлімінің жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушысы – рота сержанты аға сержант Б.Өнер «Үздік рота (батарея) сержанты», 27943 әскери бөлімінің жауынгерлік және дене дайындығы жөніндегі нұсқаушысы – есепшісі – взвод сержанты сержант К.Байгушкинов «Үздік взвод (топ) сержанты», 27943 әскери бөлімінің шебері – бөлімше командирі кіші

сержант Е.Әлімбаев «Үздік жауынгерлік машина (экипаж, есептоп) командирі», 40398 әскери бөлімінің қызметкерлермен жұмыс жөніндегі бөлім сержанты аға сержант Ж.Жандаров «Үздік маман (нысанашы – оператор)», 27943 әскери бөлімінің көлік жүргізушісі – механик маманы қатардағы Е.Жұматай «Үздік маман (механик – жүргізуші)», 32388 әскери бөлімінің көлік жүргізушісі – маманы қатардағы Ә.Кумаров «Үздік маман (жүргізуші)», 54770 әскери бөлімінің сапер – маманы қатардағы А.Ушатов «Үздік маман (сапер)» атанды.

Алуа СӘКЕНҚЫЗЫ

2024 жылғы оқу кезеңіндегі жауынгерлік жарыстың қорытындысы

| атауы | орындар | әскери бөлімдер |
|--|---------|-----------------------|
| Жалпыәскери бригадалар арасында | 1 орын | 40398 әскери бөлімі |
| | 2 орын | 30217 әскери бөлімі |
| | 3 орын | 27943 әскери бөлімі |
| | 4 орын | 10810 әскери бөлімі |
| Артиллериялық бригадалар арасында | 1 орын | 10181 әскери бөлімі |
| | 2 орын | 28738 әскери бөлімі |
| Резервтегі бригада (полк) бригадалар арасында | 1 орын | 35411 әскери бөлімі |
| | 2 орын | 36376 әскери бөлімі |
| Жедел (материалдық-техникалық) қамтамасыз ету бөлімдері арасында | 1 орын | 44736 әскери бөлімі |
| | 2 орын | 44793 әскери бөлімі |
| | 3 орын | 54770 әскери бөлімі |
| | 4 орын | 32388 әскери бөлімі |
| Сақтау базалары (қоймалары) арасында | 1 орын | 47007 әскери бөлімі |
| | 2 орын | 15701 әскери бөлімі |
| | 3 орын | 16443 әскери бөлімі |
| Жеке әскери бөлімдер арасында | 1 орын | 32355-К әскери бөлімі |
| | 2 орын | 02352 әскери бөлімі |
| | 3 орын | 11098 әскери бөлімі |
| | 4 орын | 12794 әскери бөлімі |
| Аймақтық қорғаныс бригадалары арасында | 1 орын | 99225 әскери бөлімі |
| | 2 орын | 99280 әскери бөлімі |
| | 3 орын | 99230 әскери бөлімі |



«Қуатты армия –
Жаңа Қазақстан»



2024

АІВҮН

